



ШАРАСЫЗ ӘЙЕЛ ШАМАСЫЗ

Тұрмыстық зорлық-зомбылықтан жәбір көрген әйелдер саны жылдан-жылға артып келеді. Бүгінде елімізде тағдырдан теперіш көріп, жуан жұдырықтылардың зорлық-зомбылығына ұшыраған әйелдер мен балаларға әлеуметтік қолдау көрсететін 69 дағдарыс орталығы жұмыс істейді. Былтыр осындай орталықтардың көмегіне 5 мыңнан астам әйел жүгініпті. Сенген күйеуінің тұрмыстық қысым көрсетуіне шыдамай, осы сынды «жайлы ортаны» паналап жүрген әйелдердің жағдайын білу үшін елордадағы «Қорғау» дағдарыс орталығына барып, қиын өмірлік жағдайға тап болған нәзік жандармен тілдесіп қайтқан едік.

→ 6

САЛЫҚ САЯСАТЫНА САЛҒЫРТ ҚАРАМАЙЫҚ



Қазір қоғамда қосылған құн салығының (ҚҚС) мөлшерлемесін 20%-ға дейін көтеру және ҚҚС бойынша тіркеу шегін 15 млн теңгеге дейін төмендету мәселесі талқылануда. Бұл бастама жұртшылықты екіге жарды. Бірі – бұл шағын кәсіпорындардың қызметіне балта шабумен тең десе, екіншісі – арнайы салық режимі ұсынған жеңілдіктерді ірі компаниялар өз пайдасына шешіп отыр, сондықтан бақылауды күшейту қажет дейді. Ал кейбір сарапшылар саны көп, сапасы жоқ мыңдаған кәсіпорын тек статистиканы көтеруге жұмыс істеп тұр деп болжайды. Әлі де қыза түсуі мүмкін салық «саудасының» басты мәселелерін талдап көруді жөн санадық.

→ 4

КӨКШЕТАУДА ӘУЕҚАТЫНАСЫ НЕГЕ ӘЛСІЗ?



Көкшетау әуежайы аты дардай халықаралық әуежай аталғанымен, тек Алматы, Шымкент, Ақтау қалаларына қатынайды. Іс жүзінде әуекемелерінің барлық түрін ұшыруға қабілеті жеткенімен әрі қажетті барлық инфрақұрылыммен жабдықталғанымен, жыл он екі ай бойы Көкшетау әуежайы қаңырап бос тұрады. Бірен-саран адамдар ғана анда-санда ұшып жататынын жұрттың бәрі біледі. Әуежайда кедендік және төлқұжаттық бақылау режимі де жұмыс істейді. Дегенмен рейстер санының аздығы мен билет бағасының шектен тыс қымбаттығынан, сонымен қатар ұшақтардың техникалық жағдайына қарап, мұндағы жұртшылық көршілес Астана яки Петропавл әуежайынан ұшқанды жөн көреді...

(Жалғасы 7-бетте)

АЗҒЫНДЫҚ АУЫЛЫНАН АЛЫСТАЙ? АЛАМЫЗ БА?

Абай атамыз айтады:
«Тегінде, адам баласы
адам баласынан ақыл,
ғылым, ар, мінез деген
нәрселермен озбақ.
Онан басқа нәрсеменен
оздым ғой демектің
бәрі де –
ақымақтық!».
Осы төрт нәрсені басқа
қасиеттерден артық
қойыпты. Ақыл мен
ғылым, ар мен мінез!

→ 5



ЖҮЛДЕДЕН ҮМІТКЕР САҢЛАҚТАР

Осы қыстың ең басты додасы Азия ойындарына санаулы күндер қалды. Қазақстан құрамасының жарысқа қатысатын спортшылары қатары толыққан. Бұған дейінгі қысқы Азия ойындарына дейін жүлделі оралған спортшыларымыз аз емес. Қазақ елінің атын асқақтатып жүрген батырларымыз кімдер? Шолу жасап көрейік.



→ 8

DIGITAL ALMATY – 2025: ЖАҢА ИННОВАЦИЯЛАР АЛАҢЫ

Өткен аптада инновация, технология саласындағы ең ауқымды оқиға Digital Almaty форумы мәресіне жетті. Еліміз үшін ғана емес, әлемдік деңгейде маңызы орасан, халықаралық ықпалға ие IT форум биыл жасанды интеллект тақырыбына басымдық берді.



→ 3

«ҚОЛӨНЕРШІЛЕР ҚАЛАШЫҒЫ» ҚҰРЫЛАДЫ

Түркістан қаласының мәдени-рухани орталығында жаңа туристік нысан – «Қолөнершілер қалашығы» бой көтеруде. Бұл жоба 2023 жылы Sun Holiday ЖШС бастамасымен қолға алынып, құрылыс жұмыстарын Pana Quryly Group ЖШС жүзеге асыруда.



→ 6

СЕНАТОРЛАР БЮДЖЕТ КОДЕКСІН ҚАРАЙДЫ

Сенат Спикері Мәулен Әшімбаевтың төрағалығымен палата бюросының отырысы өтті. Онда депутаттар 6 ақпан күні өтетін Сенат отырысының күн тәртібін бекітті және палатаның іс-шаралар жоспарын іске асыру аясында осы аптада атқарылатын жұмыс барысын талқылады.

Белгіленген күн тәртібіне сәйкес алдағы бейсенбіде сенаторлар «Қазақстан Республикасының Бюджет кодексі жөнінде» және оған ілесіп «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне бюджет заңнамасын жетілдіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу және «Концессиялар туралы» Қазақстан Республикасы Заңының күші жойылды деп тану туралы» заңдарды қарайды. Бюро мүшелері Мемлекет басшысы 2022 жылғы 1 қыркүйектегі «Әділетті мемлекет. Біртұтас ұлт. Берекелі қоғам» атты Жолдауында жүктеген міндеттерді жүзеге асыру мақсатымен аталған тиісті қаулыны қабылдады.

Заң бюджеттік процесті түбегейлі оңайлатуды, «бюджетті басқарудан» «нәтижелерді басқаруға» көшу жолымен

бюджеттік саясат моделін реформалауды, сондай-ақ блоктық бюджет элементтерін енгізуді, бюджеттік саясаттың шекті параметрлерін айқындауды және фискалдық орталықсыздандыруды күшейтуді көздеді.

Бюро отырысында депутаттар осы аптада нақты мәселелерге арналып өткізілетін отырыстардың күн тәртібін де пысықтады. Атап айтқанда, ЕАЭО шеңберінде кедендік әкелу баждары, зияткерлік меншік, еліміздің мақта саласын дамыту және оны қайта өңдеу сияқты бірқатар өзекті тақырып бойынша ұйымдастырылатын отырыстар туралы сөз болды.

Сонымен қатар Бюро отырысында бұған дейін Мәжілістен келіп түскен заңдар жұмыс үшін Сенаттың тұрақты комитеттеріне бөлініп берілді.



ЖӘРДЕМАҚЫ МӨЛШЕРІ БЕЛГІЛЕНДІ

Премьер-Министр Олжас Бектенов Мәжіліс депутаттарының сауалына берген жауапта мүгедектігі бар бала асырап отырған ата-анаға зейнетақы қалай тағайындалатынын түсіндірді.



— Мүгедектігі бар балаларды тәрбиелеп отырған ата-ананың ерте зейнетке шығуы және зейнетақы қорына міндетті зейнетақы жарналарын аудару мәселесі қолданыстағы заңнамамен реттелген. Мүгедектігі бар балаларды тәрбиелеп отырған ата-аналарды ерте зейнетке шығарған жағдайда олардың зейнетақысы өте төмен болады. Себебі жеткілікті зейнетақы алу үшін азаматтар міндетті зейнетақы жарналарын төлеуге тұрақты қатысуы қажет. Жинақтаушы жүйеге қатысу мемлекеттік базалық зейнетақы мөлшеріне де әсер етеді, — деп жазылған жауапта.

Премьер-Министр жасы 18-ден асқан мүгедек баланы асырағаны үшін ата-анаға қанша айлық төленетінін де атап өтті.

— 2023 жылғы 1 шілдеде Әлеуметтік кодекс қабылданды. Оған сәйкес мүгедектігі бар балаларды (18 жасқа толғаннан кейін) тәрбиелеп отырған ата-аналар жеке көмекші ретінде жұмысқа қабылданады. Жеке көмекшілерге жергілікті атқарушы органдар тарапынан жалақы (128 716 мың теңге) төленеді. Сондай-ақ тиісті жарналар, соның ішінде міндетті зейнетақы жарнасы аударылады. Осылайша, мүгедектігі бар балаларды тәрбиелеп отырған ата-аналардың зейнеткерлік жасқа жеткен кезде қажетті еңбек өтілі мен зейнетақы жарналарының сомасы жинақталады. Бұл оларға кейін тиісті деңгейде зейнетақы алуға мүмкіндік береді. Ал мүгедектігі бар баласы 18 жасқа толғанға дейін тәрбиелеп отырған анасына немесе әкесіне ай сайын мемлекеттік жәрдемақы (74 428 теңге) төленеді және оған қоса баланың мүгедектігі үшін жәрдемақы төленеді, — деп жазады Олжас Бектенов.

ХАЛЫҚ САНЫ 20 МИЛЛИОННАН АСТЫ

Ұлттық статистика бюросының мәліметінше, жылдың басында Қазақстанда 20 286 084 адам тұратыны тіркелген. Бұл көрсеткіш былтырғы қазақстандықтардың санынан 252 242 адамға артқан. Оның ішінде табиғи өсім есебінен – 235 078 адамға, көші-қон есебінен – 17 164 адамға.

Республикадағы үш қала мен төрт облыста миллионнан астам адам тұрады. Халқы ең тығыз орналасқан өңірлер — Алматы мен Түркістан облысы, онда тиісінше 2 292 333 және 2 154 334 адам тұрады. Сондай-ақ барлық халық санының 12 774 743-і қала тұрғыны болса, 7 511 341-і — ауыл тұрғыны. Республикалық маңызы бар қалалардан басқа, бір миллионнан астам халқы бар облыстар — Түркістан (2,1 млн), Алматы (1,5 млн), Жамбыл (1,2 млн) және Қарағанды (1,1 млн).

Халық санының ең жоғары өсу қарқыны Астана мен Алматы қалаларында, тиісінше 6,91% бен 2,86%, сондай-ақ Шымкент қаласында тіркелді — 2,80%-ға артты.



МАЛ ҰРЛЫҒЫНА ЖАЗА ҚАТАҢ



Мал ұрлығы үшін Қылмыстық кодексте жеке бап енгізілді. Енді мал ұрлығы қайталанған жағдайда ауыр қылмыс саналады.

Бұл туралы Ішкі істер министрлігінің ресми өкілі Шыңғыс Әлешев онлайн баспасөз мәслихатында мәлім етті.

«Мал ұрлығы үшін Қылмыстық кодексте жеке бап енгізілді. Ұрлықшының мүлкін тәркілеп, 12 жылға дейін бас бостандығынан айыру қарастырылды. Мал ұрлығы қайталанса және қорадан ұрлаған жағдайда жаза қатаңдайды, яғни ауыр қылмыстар санатына жатады», — деді ол.

Ресми өкілдің айтуынша, аталған жаза түрі екі жақтың өзара татуласып, ұрының жауапкершіліктен жалтаруына жол бермейді. Айта кетейік, таяуда Мәжіліс депутаты Максат Толыкбаев Шығыс Қазақстанда мал ұрлығы өршіп тұрғанын айтып, Ішкі істер министрлігіне мәселені назарға алуды сұраған болатын.

ӘЛЕУМЕТТІК ТӨЛЕМДЕР КӨЛЕМІ ӨСТІ

2025 жылы 1 қаңтардан бастап әлеуметтік төлемдер көлемі өсті. Оның ішінде жәрдемақы мен зейнетақы мөлшері ұлғайтылды.

2025 жылы зейнетақылар мен жәрдемақылардың барлық түрінің мөлшері ұлғайтылды. Жыл басынан бері қалыптасқан зейнеткерлер үшін ынтымақты зейнетақы мөлшері 8,5%-ға артты. Базалық зейнетақы мөлшері ең төменгі күнкөріс деңгейінің жыл сайынғы өсуін, сондай-ақ Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша оның ең төменгі мөлшерін ең төменгі күнкөріс деңгейінен 60%-дан 70%-ға дейін есептеу тәртібінің өзгеруін ескере отырып өсті.

Зейнетақы жүйесіне қатысу өтілі 10 жылға дейін болған жағдайда, азаматтар базалық зейнетақының ең төменгі мөлшеріне сене алады, ол қазір ең төменгі күнкөріс деңгейінің 70%-на тең немесе 32 360 теңге.

Сонымен қатар 2025 жылы айлық есептік көрсеткіш ұлғайып, 3 932 теңгені құрады. Ол жәрдемақылар мен басқа да әлеуметтік төлемдерді есептеу үшін, сондай-ақ айыппұлдар, салықтар және басқа төлемдерді қолдану үшін қолданылады.

Мемлекеттік бюджеттен алғашқы жәрдемақы баланың туылуына байланысты төленеді. Алғашқы үш балаға бір мезгілде 38 АЕК төле-



неді, бұл 2025 жылы 149 416 теңгеге тең. Төртінші және одан кейінгі балалардың тууына — 63 АЕК немесе 247 716 теңге.

Халықты әлеуметтік қорғау кез келген әлеуметтік бағдарланған мемлекеттің ажырамас функциясы, оның негізгі мақсаты ел азаматтарының өмір сүру жағдайын жақсартуға және көтеруге бағытталған әлеуметтік қамсыздандыру жүйесін дамыту.

Қазақстанда екі жылда 32 апатты және 71 үш ауысымды мектеп мәселесі шешімін тауып, ел аумағындағы 200 мектепте оқушы орны тапшылығы жойылды.

Оқу-ағарту министрлігінің мәлімдеуінше, оған осы уақыт аралығында қолданысқа берілген мектептердің рекордтық саны ықпал етті, жарты миллион оқушы орнына арналған 422 мектеп салынды.

Қазір елімізде 8 000-ға жуық орта білім беру ұйымы бар. Соңғы 10 жылда оқушы саны 1 миллион астам балаға өсіп, 3,9 миллионды құрады.

Оқушы орындарының тапшылығы, үш ауысымды оқыту және апаттық мектептер мәселесін шешу, сондай-ақ қалалар мен ауылдар арасындағы білім беру инфрақұрылымы сапасының айырмашылығын төмендету мақсатында елімізде мектеп құрылысын жүргізу және ре- новациялау бойынша бірқатар бастамалар қарқынды іске асырылуда.

«Мектептердің құрылысы «Жайлы мектеп» ұлттық жобасы аясында, республикалық және жергілікті бюджеттер есебінен, Білім беру инфрақұрылымын қаржылай қолдау қоры арқылы және жеке инвесторлар есебінен жүзеге асырылуда. Биылғы жылы елімізде 300 мың орындық 200-ге жуық мектептің құрылысы жүреді. Бұл шаралар 2026 жылға дейін оқушы орнының тапшылығын толықтай жоюға мүмкіндік береді», — дейді Инфрақұрылымды дамыту департаментінің директоры Роза Сембаева.

Атап өту керек, мемлекет жана оқушы орындарын ашу және бала- лар үшін жайлы жағдай жасау бойынша кешенді шаралар қабылдауда. Бұл еліміздің барлық өңірінде білім инфрақұрылымын дамытып қана қоймай, балалардың сапалы білім алуға қолжетімділігін арттырады.



ҚАРЖЫЛЫҚ ЖҮКТЕМЕГЕ БАЙЛАНЫСТЫ ЗАҢ ҚАРАЛДЫ

Мәжіліс депутаттары, «AMANAT» партиясы фракциясының мүшелері автокөлікпен жолаушылар тасымалдау саласындағы мемлекеттік функциялардың бір бөлігін өзін-өзі реттеуге беру туралы түзетулерді қарады. Бүгінде тиісті заң жобасы Мәжілісте қаралуда.

Көлік министрі Марат Қарабаев осы заң жобасын таныстыра отырып, аталған құжат жолаушылар тасымалы саласында тәртіп орнатуға мүмкіндік беретінін атап өтті. Нарыққа қатысушылар өзін-өзі реттеу тетіктері арқылы тариф белгілеу, енбек күнін сақтау, техникалық байқаудан өткізу, жолаушылар тасымалының қауіпсіздігін қамтамасыз ету сынды проблемаларды өздері шешетін болады. Ұсынылған новеллалар такси агрегаторларының баға белгілеу ісіндегі ашықтығын жақсартуға, сондай-ақ нарық қатысушылары үшін әділ бәсеке мен тең жағдай жасауға мүмкіндік береді.

Талқылау барысында бірқатар депутат ұсынылған заң жобасында өзін-өзі реттейтін ұйымдардың жол қозғалысы қауіпсіздігін қамтамасыз етуге қажет жеткілікті ресурсы мен өкілеттігі жоқ деген аландаушылық білдірді. Сонымен қатар негізгі функцияларды жеке бірлестіктердің шектеулі санына беру қадамы нарықты монополиялауға, баға келісімінің пайда болуына және осы сала негізгі табыс көзі болып отырған 500 мыңнан астам такси жүргізушісінің

қаржы жүктемесінің артуына әсер етуі мүмкін.

Мәжіліс Спикері, «AMANAT» партиясының Төрағасы Ерлан Қошанов талқылау барысын қорытындылай келе, бүгінде жолаушылар тасымалы саласын реттеуде жаңа көзқарасты талап ететін көп проблема қордаланып қалғанын атап өтті. Министрлік ұсынған шаралар түсінікті әрі назар аударуға лайық болғанымен, бұл ұсыныстар мемлекет тарапынан жүргізілетін көлік бақылауын әлсіретіп алмауы керек. Ол жолдағы қауіпсіздікті қамтамасыз ету, соның ішінде жолаушылардың өмірін сақтандыру бойынша нақты міндеттемелерді заңда тікелей бекіту қажет екенін жеткізді.

«Президент халыққа Жолдауында жол қауіпсіздігін қамтамасыз етуді тапсырды. Министрлік осыған қатысты мәселелерді шешуге мүмкіндік беретін дәлелді әрі жан-жақты пайым-көзқарасын ортаға салды. Солай бола тұра, тасымалдау саласындағы «өзін-өзі реттеуге ұмтыламыз» деп такси жүргізушілерінің күнделікті табысына теріс әсер етпеуіміз керек. Министрлік барлық жанашылдықты такси саласында жұмыс істейтін азаматтардың

пікірін ескере отырып ұсынуға тиіс. Барлық даулы мәселенің ортақ шешімін табу керек. Біз күн сайын миллиондаған адамға тікелей әсер ететін жолаушылар тасымалы саласындағы әлеуметтік шиеленісті жоюымыз керек», — деді ол.

Мәжіліс Төрағасы заң жобасына қатысты мәселелерді ескере отырып, Министрлікке өзін-өзі реттеу ұйымының жұмысына пилоттық тестілеу жүргізуді және соның нәтижесі негізінде осы мәселе бойынша тың тәсілдер әзірлеуді ұсынды.

Сонымен қатар пікірталас барысында депутаттар Ішкі істер вице-министрі Игорь Лепехаға азаматтарды адастыратын резонанстық ақпаратқа жедел әрекет етудің маңызын атап өтті. Мәселен, автокөлікті бес минуттан артық қыздырғаны үшін айыппұл салынатыны айтылуда.

«Автокөлікті 5 минуттан артық қыздыруға шектеу жоқ. Елді мекендерде тұрғындарға қолайсыздық туғызған жағдайда механикалық көлік құралдарымен оталдырған қалпы тоқтап тұруға тыйым салынады. Тек арыз түскен жағдайда ғана бұл норма бойынша жауапқа тартамыз. Былтыр осындай үш жағдай тіркеліп, оның бірі прокуратура тарапынан жойылды. Яғни, біз көлік қыздырған адамды жауапқа тартпаймыз», — деп сендірді вице-министр.

Сондай-ақ фракция отырысына Бәсекелестікті қорғау және дамыту агенттігінің, «Атамекен» ҰКП-ның басқарма басшылығы және тағы басқалар қатысты.

АРДАГЕРЛЕРДІ АРДАҚТАУ – МІНДЕТІМІЗ

Соңғы апта аймақтарда қар жауып, тұрғындарды әуруге салса, белсенді еріктілер қарттарға көмекке асықты. Бір апта ішінде республика көлемінде «Ардагерлерді ардақтайық» акциясы өтіп жатыр. Бұл игі бастамаға 200-ден астам ерікті қатысып, ардагерлерге жан-жақты қолдау көрсетті.

«AMANAT» партиясының «Жастар Рухы» Жастар қанатының еріктілері ардагерлерге қолдау көрсету мақсатында көптеген игі шараны жүзеге асыруда. Олар қарттарға азық-түлік пен тұрмысқа қажетті заттарды жеткізіп қана қоймай, қар тазалау, ауланы ретке келтіру, жөндеу жұмыстарына көмектесуде.

«Біздің жағдайымызды ойлап, көмектесіп жүрген жастарға ризашылығым шексіз. Қамқорлық пен жылы лебіздің өзі мен үшін үлкен қуаныш. Олар бізге тек қолдау көрсетіп қана қоймай, жүрегімізге жылу сыйлайды. Жастардың осы қадамы біз үшін зор құрмет. Біз өз өмірімізде осындай мейірімділікті көріп, әрқашан оларды жақсы көріп, батамызды беріп жүреміз», — деді 80-нен асқан зейнеткер Ұлбазар Боранкулова.

жастар осы шара арқылы оларды тек құрметтеп қана қоймай, олардың ақыл-көнестеріне құлақ асып, қажетті тәжірибені бойымызға сіңіруге тырысамыз. Рухтастар үшін бұл акция — тек көмек көрсету емес, сонымен қатар қоғамға пайдамызды тигізіп, ерлігін дәріптеуде маңызды қадам», — деді белсенді Шымкенттік рухтас Жанерке Қуатбаева.

Ал Костанай мен Қызылорда қалаларында да ардагерлерге көрсетілген көмек қарқынды түрде жалғасып жатыр. Жастар тұрмыс жағдайын жақсарту, қажетті заттарды жеткізу және рухани қолдау көрсету арқылы аға буынға өз құрметтерін білдіруде. Ардагерлердің айтқан баталары мен өмірлік кеңестері жастардың рухын көтеріп, оларды еліне,



Акция аясында жастар ардагерлердің үйіне барып, олармен әңгімелесіп, өмірлік тәжірибесімен өткендегі қиыншылықтар туралы тыңдап, ақ баталарын алды. Еріктілер осы бастамалары арқылы аға буынға құрмет көрсетіп, олармен етене жақын байланыс орнатуға тырысады, осылайша жас ұрпақтың патриоттық сезімін қалыптастыруда маңызды рөл атқарып келеді.

Мәселен, Шымкент қаласының жастары ардагерлермен тығыз байланыс орнатып, олардың үйлеріне баруды қалыптастырды, ұрпақтар арасындағы сабақтастықты күшейтетіні сөзсіз. Қазір бұл бастама тек жастардың ардагерлерге деген құрметін арттырып қана қоймай, сондай-ақ еліміздің тарихын ұлықтап, ұлттың рухын көтеруге бағытталған маңызды қадам болып табылады.

«Жастар Рухы» Жастар қанатының белсенділері жыл бойына осындай бағыттағы шараларды жалғастыратын болады.

ұлтына деген сүйіспеншілікке тәрбиеліп жатыр.

Айта кетсек, атаулы акция биыл Ұлы Жеңістің 80 жылдығына орай ұйымдас-тырылып жатыр. Ардагерлеріміздің ерліктерін ұлықтап, жастарға патриоттық рух пен ұлттық құндылықтарды дәріптеуі мақсат етілген. Бұл шаралар жастар мен ардагерлер арасында рухани байланыс орнатып, ұрпақтар арасындағы сабақтастықты күшейтетіні сөзсіз. Қазір бұл бастама тек жастардың ардагерлерге деген құрметін арттырып қана қоймай, сондай-ақ еліміздің тарихын ұлықтап, ұлттың рухын көтеруге бағытталған маңызды қадам болып табылады.

«Жастар Рухы» Жастар қанатының белсенділері жыл бойына осындай бағыттағы шараларды жалғастыратын болады.

Дайындаған Ә.САМАТҰЛЫ

DIGITAL ALMATY – 2025: ЖАҢА ИННОВАЦИЯЛАР АЛАҢЫ

Өткен аптада инновация, технология саласындағы ең ауқымды оқиға Digital Almaty форумы мәресіне жетті. Еліміз үшін ғана емес, әлемдік деңгейде маңызы орасан, халықаралық ықпалға ие IT форум биыл жасанды интеллект тақырыбына басымдық берді. Форумның алғашқы күні Еуропалық экономикалық одаққа мүше елдердің үкімет басшылары кездесіп, күн тәртібіндегі маңызды сауалдарды талқыға салды. Онымен қоса, форумға жи-налған сарапшылар, бизнес және IT-индустрия өкілдері жасан-ды интеллекттің өндіріске ықпалы мен заманауи мүмкіндіктері турасында пікірін ортаға салып, тәжірибесін бөлісті.

Алтынай БАУЫРЖАНҚЫЗЫ,
Алматы қаласы

80 ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ЖОБА ҰСЫНДЫ

Digital Almaty алаңы келушілерге жаңа инновациялармен танысуға, STEM сала-сының өкілдері үшін тәжірибе алмасып, кәсіпкерлермен ынтымақтастық орнатуға, сонымен қатар әртүрлі стартап туралы ақпарат алып, оларды өндірісте қолдану процесін көзбен көруге мүмкіндік береді. Біздің де форумға ат басын бұруымызға бірден-бір себеп — STEM, IT бағытындағы жас авторлардың жобаларымен танысып, олардың қоғамға қаншалықты пайдалы болатынын білу еді.


Биыл дәстүрлі стартап аллеясы 80 халықаралық инновациялық жобаны ұсынды. Форумның жасанды интеллект пен цифрлық трансформация алаңында стартап жобалардың көрмесі, онымен қоса жиын аясында First Tech Challenge че-мпионатының республикалық кезеңі өтті. Жарысқа қатысушылардың арасында хи-мия-биология бағытындағы Назарбаев зияткерлік мектебінің 11-сынып оқушысы Айсұлу Қыдырәліқызы бар. Кейіпкеріміздің айтуынша, чемпионатта жыл сайын қандай да бір жаһандық проблеманы шешуге арналған робот құрастырылады екен. Ал биылғы тақырып қандай мәселеге арналды?

Ойын форматы қалай өтеді? Бұл жөнінде Айсұлудың өзінен сұрап білген едік.

— Чемпионаттың биылғы тақырыбы мұхиттарды коқыстардан тазарту мәселесіне арналды. Аталған мәселеге қатысты ойын алаңы құрылады. Мұнда ойыншықтарды жинау арқылы оларды сұрыптайды. Ойын форматы екіге бөлінген: көк және қызыл альянс. Бір альянста екі команда бар. Әр альянс бір-біріне қарсы ойнайды. Алғашқы отыз секундта команда арнайы код жазуға тиіс, ал қалған екі минутта команда мүшелері арнайы құрылғы арқылы роботпен жүреді. Былтырғы жылы First Tech Challenge креа-тивтілік тақырыбына арналды. Біз сол тақырып бойынша робот құрастырып, кейіннен Қытайдың Гуанчжоу қаласына бардық. Роботтың басты мақсаты — түрлі түстегі бөлшектерден қандай да бір жаңа жоба құру. Чемпионатта жыл сайын жақсы нәтижелерге қол жеткізіп, үздіктердің қатарынан көрінетін елдердің қатарында АҚШ пен Румыния бар. Дегенмен Қазақстанда да STEM қарқынды дамып келеді, — деді ол.

Сөз соңында Айсұлу Қазақстанда STEM саласын өркендетуге, балалардың техноло-гия, робототехника саласында қабілетін шыңдап, бойындағы дағдыларын дамытуға кері әсерін тигізетін проблеманың барын да жасырмады.

— Шынымды айтсам, бізде оқу жүйесі бар. Робототехника, IT, STEM саласында өзін көрсете білетін талантты, зияткер ба-



лалардың саны көп. Бірақ өкінішке қарай бұл саланы дамытуға және балалардың жағдайын жасауға қаржылай көмек жетіспейді. Өкінішке қарай, компаниялардың көбі STEM саласының ақырындап дамып келе жатқанын түсіне бермейді, — деді жарысқа қатысушы Айсұлу.

CodiPlay: 13 МЕМЛЕКЕТТЕ ІСКЕ ҚОСЫЛҒАН ОТАНДЫҚ СТАРТАП

Бүгінде халықаралық нарыққа шыққан инновациялық қосымшалардың ішінде қазақстандық CodiPlay жобасы бар. Мектеп оқушыларын бағдарламалауға үйрететін қосымша қазір әлемнің 13 мемлекетінде жұмыс істеп келеді. Дәл қазір экожүйеде миллионнан астам бала білім алады. Жобаны оқу жүйесінде қолданатын мемлекеттердің қатарында Оңтүстік Корея, Индонезия, Ұлыбритания, Сауд Арабиясы, Орталық Азия елдері, оның ішінде Қазақстан,

Өзбекстан, Әзербайжан бар. 2021 жылы негізі қаланған жобаның авторы әрі бас директоры Жанәлі Талдыбаев қосымшаның міндеті мен әлемдік нарықтағы сұранысы туралы айтып берді.

— CodiPlay — балаларды қазір өзекті тақырыпқа айналған цифрлық дағдыларға үйрететін экожүйе. Бүгінге дейін біз 13 мемлекеттегі 600-ден астам мектепте жұмыс істеп келеміз. Экожүйеміздің оқу бағдар-ламасы Біріккен Ұлттар Ұйымында мо-йындалды. Ең алдымен біз бағдарламаны түрлі мектепке береміз, әрмен қарай мұ-ғалімдер балаларға үйретеді.

Цифрлық дағды дегеніміз — қазіргі технологияларды түсіну, құрастыру және оларды өндірісте қолдана білу. Ақпараттық технология — ең маңызды мамандықтардың бірі. Біз қосымша аясында IT саласында жоба әзірлеушілер мен бағдарламашыларды дайындаймыз. Балалардың IT сауатын

ашудан бастап ақылды технологияларды игеруге дейін үйретеміз. Қосымшадағы контентіміз бен оқу бағдарламасының көбі жасанды интеллект арқылы жасалған. Бағдарлама еліміздегі Алтынсарин ака-демиясының лицензиясын алып, нәтижесінде Қазақстан мектептерінің оқу жүйесіне енгізіліп жатыр, — деді жоба негізін қалаушы.

9 млн ДОЛЛАР ИНВЕСТИЦИЯ ТАРТЫЛДЫ

Жанәлі Талдыбаев CodiPlay қосымшасы келешекте жаһандық өндірісте ауқымын кеңейте беретінін, себебі қазірдің өзінде өзге құрлықтағы мемлекеттер жобаға ерекше қызығушылық танытып отырғанын атап өтті.

— Біз қазір қатарымызға Сауд Ара-биясындағы 200-ден астам мектепті қосу арқылы қарқынды дамып келеміз. Сауд Арабиясы мен Катар елдерінен инвестиция тарттық. Қазіргі уақытта 9 млн доллар ин-вестиция тартылды. Бұл инвестиция қо-сымшамызды Араб елдеріндегі мектептерді қосуға жұмсалды. Келесі айдан бастап Африканың екі мемлекеті Зимбабве мен Мозамбикке келеміз. Қазір сол елдерден экожүйемізге деген сұраныс артып жатыр. Өйткені қосымшаның көмегімен тиімді бағада көптеген баланы цифрлық дағдыларға үйрете аламыз. Алдағы уақытта Араб елдері мен Африка елдерін экожүйемізге қосуды жоспарлап отырмыз, — деп сөзін түйіндеді Ж.Талдыбаев.

Екі күнге жалғасқан форумда келушілер стартап батлға куә болды. Жарыстың жүлде қоры 60 000 АҚШ долларын құрайды. Одан өзге жасанды интеллект көмегіне негізделген тәжірибелер мен түрлі жоба таныстырылды. Бұл қазір бизнес, медицина, экономика болмасын, кез келген саланы жасанды интеллект күші жаулап келе жатқанын, келешекте өндірістегі қызметтер жасанды интеллекттің «мойнына жүктелетінін» көрсетеді.

НАРЫҚ

4 АҚПАН 2025 | СЕЙСЕНБІ

Қазір қоғамда қосылған құн салығының (ҚҚС) мөлшерлемесін 20%-ға дейін көтеру және ҚҚС бойынша тіркеу шегін 15 млн теңгеге дейін төмендету мәселесі талқылануда. Бұл бастама жұртшылықты екіге жарды. Бірі – бұл шағын кәсіпорындардың қызметіне балта шабумен тең десе, екіншісі – арнайы салық режимі ұсынған жеңілдіктерді ірі компаниялар өз пайдасына шешіп отыр, сондықтан бақылауды күшейту қажет дейді. Ал кейбір сарапшылар саны көп, сапасы жоқ мыңдаған кәсіпорын тек статистиканы көтеруге жұмыс істеп тұр деп болжайды. Әлі де қыза түсуі мүмкін салық «саудасының» басты мәселелерін талдап көруді жөн санадық.

шерлемесін сақтау, 5%-ға дейін төмендету немесе ҚҚС-тан толық босату. Фармацевтика саласында да ҚҚС-ты 5%-ға дейін төмендету мүмкіндігі қарастырылып жатыр. Тұрғын үй құрылысы саласында ҚҚС-тың орнына инфрақұрылымдық алым енгізу ұсынылуда. Серік Жұманғариннің айтуынша, ҚҚС-ты инфрақұрылымдық алыммен ауыстыру туралы бастама бизнес өкілдері тарапынан жасалған. ҚҚС бойынша тіркеу шегін төмендету мәселесіне қатысты ведомство басшысы әртүрлі нұсқалар қарастырылып жатқанын, бірақ ең ықтимал нұсқа – 15 млн теңге деңгейі екенін мәлім етті. Қалай болғанда да мемлекет қайраткері ҚҚС-ты көтеру мәселесі сөз болғанда оны экспортшыларға қайтарып беру механизмін де талқылауға мәжбүр екенімізді алға тартып отыр. Өйткені уақытында қайтарылмаған құн салығы «айналым салығына» айналу қаупі бар.

— Өнімдерін экспортқа шығарушы кәсіпорындар ҚҚС төлемейді. Бірақ ол тауардың құнына кіріктірілгендіктен, мемлекет экспортшыларға ҚҚС қайтарып береді. Мысалы, бәсекелестік күшейіп, шығарылып жатқан тауарлардың бағасы

ланысты ҚҚС қайтармай немесе оның мерзімі ұзаққа созылған жағдайлар кездескенін жеткізді.

— Мен осы мәселені көтергім келеді. Егер біз ҚҚС 20 пайызға дейін көтеретін болсақ, онда оны қайтару механизмдерін де қайта қарау қажет. Себебі бұл процесс тағы да ұзақ кететін болса, ҚҚС «айналым салығы» ретінде жұмыс істеп кетеді. Әрі экспортқа кеткен тауардың 20 пайызын ұстап қалса, компаниялардың айналымдағы ресурсы азайып кетеді. Ол өз кезегінде өндірістің қысқаруына алып келеді, — дейді Ж.Құлекеев.

«ҚАЗАННАН ҚАҚПАҚ КЕТСЕ...»

Сонымен қатар ғалым елімізде кей компаниялардың салықтан жалтару мақсатында түрлі айла-амал қолданатынын сөз етті. Әсіресе, үлкен компаниялар кішігірім кәсіпкерлікке бөліну арқылы арнайы салық режимі ұсынған жеңілдіктерді орынсыз пайдаланып отырғанын қыжыла жеткізді.

— Қазір елімізде көптеген жеке кәсіпкерден салық жиналмайды. Олар бюджеттің бір тесігі секілді, сол арқылы

жүйе дүниежүзінде кездеспейді. Еліміздегі жеке кәсіпкерліктің заңды статусы барлық мемлекеттермен бірдей, бірақ салық салу мәселесіне келгенде кемшіліктер көп. Сондықтан бұл салада жаңа бір дүние ойлап табудың қажеті жоқ. Кез келген Еуропа немесе басқа да елдердің пайдаланып отырған жүйесін қолдануымыз қажет, — деді Ж.Құлекеев.

Сондай-ақ ол бір компанияның айналасына топтасқан шағын кәсіпорындардың салықтық жеңілдіктерді пайдалану үшін заңды айналып өту мақсатында жасаған «схемалары» туралы да айтып берді. Мемлекет қайраткері бұл еліміздің қазынасын талан-таражға салудың бір көрінісі деген пікірде.

— Егер заңды тұлға өз табысы туралы уақытында есеп бермесе, тиісті мекемелер барып тексеру жүргізуі қажет. Табысы болмаған жағдайда жеке кәсіпкер ретінде жұмысын тоқтатады. Одан да жалданып жұмыс істеп, табыс тауып, мемлекетке салық төлеуі қажет. Ал тіркелмей нәпақа табу мемлекеттің қаражатын ұрлағанмен бірдей. Ал бізде Қазақстанда әлі күнге дейін кейбір әртістердің әр тойға шыққанынан канша табыс табатынын білеміз, бірақ олар да салықтық міндеттемелерін адал атқармай келеді. Тіпті, есігінен күндіз-түні адам үзілмейтін кейбір ресторандар жылына 1 млн теңге де салық төлемей жалтаруда. Өйткені олар ғимараттың әр қабатын жеке-жеке кәсіпкерліктерге бөліп тастаған. Бір ресторанның ішінде 20-30 шақты шағын кәсіпорындар бар. Қысқаша айтқанда, салықтан жалтару үшін барлық жағдайды жасап қойған. Үлкен компаниялардың айналасында көптеген жеке кәсіпкер шоғырланып алып, салықтан қашып отыр. Осылайша, мемлекет қаржысы талан-таражға түсуде. Осы мәселелерді реттеу уақыт күттірмейтін дүние деп еспетеймін, — деп түйіндеді сөзін Жаксыбек Әбдірахметұлы.

да мүмкіндік береді. Даму бюджеті — елдің болашағын анықтайтын фактор, оны 20%-ға дейін жеткізуіміз керек», — деді Премьер-Министрдің орынбасары.

САНЫ БАР, САПАСЫ КҮМӨНДІ

Сонғы ұсыныстар тікелей шағын бизнеске қатысты болғандықтан, арнайы салық режимінің (АСР) әсеріне байланысты Finprom сараптама орталығы талдау жүргізген. Сарапшы мамандар шағын бизнестің 2024 жылды қалай қорытындылағанын саралай келе, жеке кәсіпкерлікке әлі де қолдау қажет және әрі қарай дамуы үшін серпін керек деп пайымдайды.

Мысалы, биыл жыл басында Қазақстанда 536,2 мың компания тіркелген, олардың 98,2%-ы (526,8 мың компания) шағын кәсіпорындар. Алайда олардың ішінде тек 426,1 мың компания ғана белсенді жұмыс істеген, оның 416,8 мыңы — шағын бизнес. Осылайша, тіркелген шағын компаниялардың белсенді жұмыс істейтіндерінің үлесі небәрі 79,1%-ды құрайды (өткен жылы бұл көрсеткіш сәл жоғары — 79,7% болған).

Ал белсенді жұмыс істейтін шағын компаниялардың жалпы санының тек 51,1%-ы ғана, яғни бар болғаны 212,8 мыңы шын мәнінде жұмыс істеген. Сондай-ақ жаңа ашылса да әлі қызметін бастамаған шағын мекемелер жұмыс істейтін компаниялардың 12 пайызын құрайды.

Сонымен қатар Finprom сарапшылары 2020 жылдан бері уақытша болса да жұмысын тоқтатқан жеке кәсіп иелерінің саны арта түскенін айтуда. Әсіресе, 2023 жылы ең нашар көрсеткішке, яғни 165,9 мыңға жеткен.

«Салыстырар болсақ, мәселен, ірі компаниялар арасында белсенді кәсіпорындардың үлесі жұмыс істеп тұрғандардың 96,8%-ын, ал тіркелгендердің 95,6%-ын құрайды. Бұл тұрақтылықтың көрінісі, бірақ Қазақстандағы шағын бизнес секторы әзірге мұндай көрсеткіштермен мақтана алмайды», — дейді мамандар.

Дегенмен ҚҚС мөлшерлемесін көтеру және салықтық жеңілдіктерді шектеу нақты экономикаға шынайы пайда әкеліп отырған кәсіпкерлерді іріктеуге ықпал етуі мүмкін. Мысалы, жоғарыда атап өткеніміздей, салық жеңілдіктерін тек формальды түрде пайдаланып, экономикалық белсенділігі төмен немесе көленкелі қызметпен айналысатын заңды тұлғалар нарықтан ығыстырылуы ғажап емес. Мамандар бұл шынайы өнім өндірушілер мен қызмет көрсетушілердің бәсекеге қабілеттілігін арттырады деген пікірде. Сонымен қатар нарықта нақты қызмет ететін кәсіпорындар ғана қалса, экономика тиімдірек жұмыс істейді. Бұл мемлекеттік ресурстарды дұрыс бөлуге мүмкіндік бермек. Ең бастысы белсенді, тұрақты жұмыс істейтін кәсіпорындардың салық төлеу арқылы бюджетке үлес қосуы экономиканың ұзақмерзімді тұрақтылығын қамтамасыз етеді.

«КӨЛЕНКЕГЕ» КӨШҮ ҚАУІП БАСЫМ

Adam Research талдау компаниясының бейресми жұмыспен қамтуға қатысты социологиялық зерттеу нәтижелері Қазақстандағы көленкелі кәсіпкерлердің табысы орташа деңгейден жоғары деген қорытынды жасайды. Бұл да қазынаға түсер қыруар қаражаттан қағылғанымыздың көрінісі. Өйткені олар өздерін өзін-өзі жұмыспен қамтығандар қатарындамыз деп санайды және көбінесе қызмет көрсету саласында жұмыс істейді. Өз кәсібі болғанымен, жүйеден тыс жұмыс істейтін азаматтар батыс пен оңтүстік өңірлерде көбірек кездеседі.

Adam Research мамандарының айтуынша, «Мұндай көленкелі кәсіпкерлер халықтың әл-ауқаты жоғары топтарына жатады. Көленкелі кәсіпкерлік сұлулық индустриясы, құрылыс, қоғамдық тамақтану, ауыл шаруашылығы, бөлшек сауда, жиһаз және тоқыма өндірісі сияқты салаларда кең таралған».

Мамандардың мәлімдеуінше, көленкелі экономикаға ең көп үлес қосатын сала — бөлшек сауда, оның үлесі 3,5%-ды құрайды. Сондай-ақ әлеуметтік бағыттағы салалар да жоғары көрсеткішке ие: денсаулық сақтау — 2,1%, білім беру — 1,5%. Өңірлер бойынша ең жоғары көрсеткіштер келесі аймақтарда байқалады: Алматы — 3,9%, Астана — 2,1%, Оңтүстік өңірлер (Шымкент және облыстарды қоса алғанда) — 4,2%. Көленкелі экономиканың ЖІӨ-дегі ең төменгі үлесі Абай (0,4%) және Жетісу (0,4%) облыстарында тіркелген.

Қорыта айтқанда, салық реформалары шағын бизнеске қосымша жүктеме салу немесе жеңілдіктерді қысқарту арқылы кәсіпкерлерді нақты экономикаға пайда әкелетін, салық төлеуге дайын кәсіпорындар құруға бағыттайды. Қосымша салықтық түсімдер тарту және экономикалық тұрақтылықты қамтамасыз ету үшін енгізілген реформалар ұзақ мерзімде нарықтық тиімділікті арттыруға және салықтық жүктемені әділ бөлуге мүмкіндік береді деп сенеміз.



отыр. Шындығында, негізгі сауда серіктесіміз саналатын Ресеймен екі ел арасында ҚҚС айырмашылығы үлкен болса, бұл олардың экспорттаушыларына айқын артықшылықтар береді. Мысалы, Ресей компаниясы тауарын Қазақстанға экспорттағанда, мемлекеттен сол тауар құнының 20 пайызын ҚҚС ретінде қайтарып алады. Бұл өз кезегінде экспорттаушы компания үшін қосымша пайда. Ал Қазақстанға келген соң, бұл тауарға тағы 12 пайыз ҚҚС қосылады. Бірақ соған қарамастан, Ресейден келген тауар арзан болып қала бермек. Осылайша, Ресей мен Беларусь сияқты елдерден келген арзан тауарлар біздің дүкен сөрелерінде қаптай береді, — дейді Жаксыбек Әбдірахметұлы. Оның айтуынша, соның салдарынан Қазақстандағы отандық өндірушілер шетелдік тауарлармен бәсекелесуде қиындыққа тап болуы мүмкін. Сондықтан еліміздегі ҚҚС мөлшері экономикалық одақтас елдермен бір деңгейде болса, нарықтағы тепе-теңдік сақталып, отандық өндірушілер ұтылмайтын еді. «Егер ҚҚС саясаты өзгермесе, шетелдік экспорттаушылар біздің нарықта үстемдік етіп, отандық бизнес зиян шегуі мүмкін», — дейді сарапшы.

Сонымен қатар Премьер-Министрдің орынбасары — Ұлттық экономика министрі Серік Жұманғарин және Қаржы министрі Мәди Тәкиев журналистермен кездесуде кейбір кәсіпорындар үшін ҚҚС бойынша жеңілдіктер қарастырылып жатқанын мәлімдеді. Мысалы, ауыл шаруашылығы саласы үшін ҚҚС мүлдем алынбауы мүмкін. Ал азық-түлік өндірушілер үшін ҚҚС үш нұсқа ұсынылған: қазіргі 12% мөл-

“**Қазір елімізде көптеген жеке кәсіпкерден салық жиналмайды. Олар бюджеттің бір тесігі секілді, сол арқылы көптеген қаражат мемлекет қазынасына түспей, жан-жаққа кетіп жатыр. Қазір Қазақстанда 2,4 млн-ға жуық жеке кәсіпкерлік бар. Соның ішінде 800 мыңдай заңды тұлғалар белсенді қызмет етсе, оның 400 мыңы ғана мемлекетке салық төлейді. Қалғандары бірде есеп өткізіп, бірде өткізбей жұмыс істеп отыр. Осы 800 мың жеке кәсіпкердің өзі қазіргі 3 пайыздық салықтың өзін төлемеуде.**

нарықта төмендеп кететін болса, өндірушілер де экспортқа арзан бағамен өткізуге мәжбүр болады. Өздеріңіз биыл куә болғандай астықтың құны құлдырап кетті. Ауыл шаруашылығымен айналысатын азаматтар арзан бағамен де экспорттау мүмкін, өйткені олар 12 пайыздық ҚҚС-ын мемлекеттен қайтарып алу үшін ғана жұмыс істейді. Енді ол 20 пайызға көтерілсе, кейбір бәсекеге шыдай алмаған кәсіпкерлер өнімін өзіндік құнынан төмен бағаға сатуы мүмкін. Себебі оларға мемлекет бұрынғыдан көбірек қаражат қайтарды. ҚҚС қайтарып беру мәселесі де отандық экспортшылардың дүниежүзілік нарық заңдылықтарына төтеп беру үшін жасалып отырған қадам, — дейді ол.

Дегенмен Жаксыбек мырза соңғы жылдары бюджет тапшылығына бай-

көптеген қаражат мемлекет қазынасына түспей, жан-жаққа кетіп жатыр. Қазір Қазақстанда 2,4 млн-ға жуық жеке кәсіпкерлік бар. Соның ішінде 800 мыңдай заңды тұлғалар белсенді қызмет етсе, оның 400 мыңы ғана мемлекетке салық төлейді. Қалғандары бірде есеп өткізіп, бірде өткізбей жұмыс істеп отыр. Осы 800 мың жеке кәсіпкердің өзі қазіргі 3 пайыздық салықтың өзін төлемеуде, — дейді қайраткер.

Оның пайымдауынша, елімізде қалай ЖК саны көбейді, солай бюджетке түсетін салық азайды. Сондықтан осы күйінде қалдыратын болсақ, бюджет тапшылығының себебінен мемлекет өзіне тиесілі қызметті дұрыс атқара алмайды.

— Біздегідей жеке кәсіпкерлер 3 пайыз ғана салық төлей салсын деген

ЖАНАЙҚАЙ

4 АҚПАН 2025 | СЕЙСЕНБІ

Абай атамыз айтады: «Тегінде, адам баласы адам баласынан ақыл, ғылым, ар, мінез деген нәрселермен озбақ. Онан басқа нәрсеменен оздым ғой демектің бәрі де – ақымақтық!». Осы төрт нәрсені басқа қасиеттерден артық қойыпты. Ақыл мен ғылым, ар мен мінез!

АЗҒЫНДЫҚ

Нұрғөре ЖҮСП, сенатор

Қазіргі қазақ қоғамы Ар мен Мінезге келгенде тілі күрмеліп қалатындай жағдайға жетті. Арсыздық пен азғындықтың неше түрлі дәлелі мен дәйегі күн сайын алдымыздан шығып жатыр. «Сойып кетті, қырып кетті» дегеннен бастап «жүкті боп қалды», «күпті боп қалды» дегенге шейін қаншама ақпарат өріп жүр?

Ең жаманы: қоғам осының бәрін үнсіз қабылдап жатыр, үсті-үстіне қардай бораған ақпарат тасқынының астында отырып «не жаксы, не жаман» дегенді айыра алмайтын халге келді; тіпті жаманнан жирену деген де жайына қалып барады, ет үйреніп, көз үйреніп, болып жатқан келенсіздіктің бәрін әдеттегі жағдай, қалыпты құбылыс ретінде қабыл алып, осыншама тексіздік пен арсыздықтан, азғындық пен надандықтан бойды алыстатуға, бұл нәрселерге қарсы күресуге не пәрмен, не дәрмен таппай отырған жайымыз бар.

Өткен аптада Сенаттың пленарлық отырысында Үкімет басшысы Олжас Бектеновтің атына депутаттық сауал жолдадым.

АУЫЛЫНАН

АЛЫСТАЙ?

АЛАМЫЗ БА?



Соңғы жылдары ұл балалар былай қалып, қыздар арасындағы төбелес тіптен жиілеп кетті. Жасы кәмелетке жетпей жатып жүкті боп қалу деген сұмдыққа қоғамның бойы да, еті де үйренді...

Сауалға түрткі болған жағдай – қазақ қыздарына қатысты. Әуелі депутаттық сауалдың толық мәтінін назарға сала кетейін:

«Қыз тағдыры – Ұлт тағдыры! Елімізде ерте жүктілік жиілеп кеткенін байқап отырмыз. Бұл ұлт сапасына тікелей әсер ететін фактор екені белгілі. Осы орайда нақты деректерге тоқталғым келеді. Ұлттық статистика бюросының мәліметтеріне назар аударсақ, соңғы бес жылда 15-18 жас аралығындағы жасөспірімдер арасында туу көрсеткіші шамамен 1,5 есеге артқан. Жасөспірімдердің туу деңгейінің күрт өсуі пандемия кезінде бас-талған. Содан бері өткен төрт жылда бұл үрдіс бір деңгейде сақталып келеді.

2023 жылы қаршадай қыздар арасында 5 094 босану тіркелген. Бұл сол кезеңдегі жалпы туу көрсеткішінің 1,3 пайызын құраған (2019 ж. – 3 602 жағдай, 0,9%). Осылайша, ел бойынша

ауылдық жерлерде де, қала тұрғындары арасында да өте жоғары.

Бұл ретте аталған туу деректері медициналық мекемелерде жүктіліктің тіркелген фактілері бойынша анықталғанын ескеруіміз керек. Әрбір жүктілік бала тууға әкелмейтінін назарға алсақ, жүктілік жағдайы біз келтірген деректерден әлдеқайда көп болуы мүмкін екенін аңғарамыз. Денсаулық сақтау министрлігінің мәліметіне сүйенсек, былтыр жасөспірімдер арасында жүктілік жағдайларының 10,2 пайызға төмендегені байқалады (2023 жылға қарай). Дегенмен уәкілетті орган жүктіліктің әрбір жағдайын тіркемейтінін есте ұстаған жөн. Сондықтан деректердің дұрыс есептелмеуінен де осындай динамика қалыптасуы мүмкін.

Жап-жас қыздарды қорлау, тіпті зорлау көбейді.

Бұл жағдай да ерте жүктілікке әкеледі. Бірақ көбіне мұндай оқиғалар

мағына енеді, білім алу мүмкіндігін жоғалтады, әлеуметтік қайшылықтарға тап болады. Тіпті, суйицд жағдайына әкелетін психологиялық көңіл күйге ұшырайды.

Сондықтан осы айтылғандарды ескере отырып, балалар мен жасөспірімдерге аталған мәселеге қатысты түсіндіру жұмыстарын жүргізуді ұлттық деңгейде жүйелеу қажет деп есептейміз.

Бірінші. Оқу-ағарту, Денсаулық сақтау, Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрліктерінің, сондай-ақ осы салада жұмыс істейтін халықаралық және үкіметтік емес ұйымдардың (UNFPA, UNICEF және т.б.) қатысуымен жасөспірімдер арасында жүктілік пен туу санының өсу себептеріне ведомствоаралық талдау жүргізу қажет.

Екінші. Жастар денсаулық орталықтарының қызметіне олардың өмірлік қиын жағдайға тап болған кәмелетке толмағандарға психологиялық және медициналық қолдау көрсету жұмыстарының тиімділігі тұрғысынан бағалау жүргізу қажет.

Үшінші. Кәмелетке толмағандардың құқықтарын қорғауға қатысты заңнаманың орындалуына мониторинг пен бақылауды күшейту аса маңызды. Сонымен қатар зорлық-зомбылық фактілеріне жіті мониторинг жүргізіп, жетесіз жастардың жауапкершілігін күшейту керек.

Төртінші. Жасөспірімдер мен олардың ата-аналарының ерте жүктілік қаупі, сондай-ақ кәмелетке толмағандардың жауапкершілігі мен құқықтары туралы хабардан болу деңгейін арттыруға бағытталған ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын жедел қолға алу керек».

Депутаттық сауалдың мәтіні осындай. Айттық, жарияладық деп қоя салуға арымыз жібермейді. Қалың қазақ қоғамы болып жардың шетінде тұрғанымызды, бұдан ары қарай Қазақ елі деген атауға лайықпыз ба, жоқ па деген көлденен сұрақ алдымызда тұрғанын тағы бір мәрте еске салғымыз келеді.

Халқымыз «Қызға қырық үйден тыйым» деген.

Ұлы Мұхтар Әуезов «Ел боламын десен, бесігінді түзе. Бесігінді түзеу үшін әйелдің халін түзе» деп кетті.

Біз «Нарық экономикасына көштік, енді қалған дүниенің бәрін нарықтың өзі реттейді» деп ұлттық құндылықтар атаулыны тәрк еттік. Соның салдарынан ұрпақ тәрбиесімен тікелей айналысуға тиіс әйел, ана қауымы ала қап аркалап, тіршілік соңында кетті. Қырық үй түгілі жалғыз үйдің түтіні түзу шықпайтын жағдайға жеттік. Сонда не таптық?

тіркелмей түсік жасатып жатқан қыздар қаншама?

Әлеуметтік желіде жан шошырлық ақпарат толып жатыр. «Өгей қызының өмірін өксітті», «туған жиенімен төсектес болған», «балиғатқа жетпеген қызды бұлдірді» деген хабарлар тарап жатады. Соларға «ой, сұмдық-ай» дегеннен басқа не істей алады мына әлеумет?!

Сонда біз қайда бара жатырмыз шынында?

Қонған жеріміз азғындықтың ауылы ма?

Адамдықтың бәрі жайына қалып, тек надандықпен өмір сүруге бет алғанымыз ба?

Бүкіл қазақ қоғамы ойланар, баян тұлға келіп тұрмыз. Жоғарыда аталған келенсіздіктің бәрі көз алдымызда өтіп жатыр ғой. Қарсы тұруға қауқарымыз жетпей ме? Елдік қағидаттарын мүлдем тәрк еткеніміз бе? Қаншама жаугершілік заманды бастан өткізген халқымыз өз егемендігі тұсында неге бұлайша қауқарсыз болып қалды? Неліктен бәріміз пұшайман болып барамыз?

Тіл ұшына келген төрт-бес ұсынysқа қосымша мына мәселелерге айрықша назар аудару қажет.

Біріншіден, қазақтың әулеттік намысын күшейту керек. Бұл үшін Отбасы құндылықтарын қалыпқа келтіруге тиіспіз. Әр шаңырақта әке мен ананың, ата мен әженің орны айқындалып, «Тәрбие – тал бесіктен» деген дана халқымыздың өнегелі жолына түсуіміз қаажет. «Таяқ етпен, сөз сүйектен өтеді» дейтін ата-бабаларымыз. Әр әулеттің үлкендері бастап, жастары қосап Тәрбие деген үлкен мектептің талаптарын күнделікті назарда ұстауы тиіс. Баланың жаман аты – аруақтың аманатына сын. Отбасы, ошақ қасындағы ұлттық тәрбие өзегіне оралмайынша, қырық жерде қиналып, отыз жерден опық жеп отыратын боламыз.

Екіншіден, әр ауыл /бұл ауылдық жерге қатысты/ өздерінің арасынан жөн білетін, сөз білетін, өнегелі азаматтардан Ауылдастар алқасын құруы керек. Ауылдағы үлкенді-кішілі әдепсіздік, жөнсіздік, көргенсіздік және осылардан туатын түрлі қылмыстық оқиғаның алдын алу шараларын жүргізу басты шарт саналуы керек. Қорғансыз отбасыларға қолдау жасау, жетім қалған балаларды рухани демеу деген мәселе үнемі назарда болғаны жөн.

Үшіншіден, еліміздің қаласында да, ауылында да «Жастар ресустар орталығы» деген құрылымдар бар. Арнайы заң қабылданды. Штат белгіленді. Қаржы бөлінді. Осы орталықтардың жұмысын жандандыру керек. Олардың мандайшасындағы жазу ғана «жастар ісі» емес. Жас жеткіншектермен күнделікті тығыз байланыста болу, сол арқылы жас жеткіншектер арасындағы келенсіз оқиғалардың алдын алу – басты өлшем.

Төртіншіден, «Аксақалдар алқасы», «Ардагерлер кеңесі», «Аналар одағы», «Әкелер одағы» деген қаптаған құрылымдар жұмысын түбірінен қайта құру қажет. Тәрбие береміз деген мекеме мен ұйымдар толып жатыр. Берген тәрбиеміз, алған өнегеміз қайсы? Әр аймақта жасына жетпей жүкті, жүрегі күпті жасөспірімдер көбейсе, аталған құрылымдардың қайтарымы нөлге тең деген сөз емес пе?

Бесіншіден, қоғамда Құндылықтар қағидаты орнығуы тиіс. «Бәрін нарық реттейді немесе «идеология дегеннің қажеті жоқ, әркімнің өз идеологиясы бар» дейтін сынар жақ пікірлерден жедел бас тарту қажет. Logos деген «Ілім» деген сөз. Ақылдың, ойдың, парасаттың, тәрбиенің ілімінен бас тарту қандай жағдайға жеткізгенін көріп отырмыз. «Алда, арба, тек ақша тап» деген отыз жылғы опасыз саясат халқымызды іштен ірітіп, ғасырлар бойы жалғасып келе жатқан Ұлттық тәрбие, Ұлттық құндылықтар жүйесін бұт-бұт кылғанын соқыр ғана көрмейтін шығар. Сол себептен «қазақ боламыз, тең құқықты ел боламыз, өсеміз, өркен жаямыз» дейтін болсақ, бір ақылға келгеніміз дұрыс.

Баяғы ата-бабаларымыз «Е, құдайым, бала бер, бала берсең – сана бер, санасы егер болмаса, өзін қайтып ала бер» дейді екен. Саналы ұрпақ – сапалы ұрпақ. Ал ұрпақ санасын қалыптастыру әуелі ата-ананың, сосын қоғамның жауапкершілігіне тікелей байланысты.

Сонымен, сауалдан туындайтын өзекті де өткір сұрақ алдымызда тұр. Есті жиып, естияр ел бола аламыз ба?

Абайдың «Қазақтың шын сөзге нанбай, құлақ та қоймай, тыңдауға қолы да тимей, пәлелі сөзге, өтірікке сүттей ұйып, бар шаруасы судай ақса да, соны әбден естіп ұқпай, кетпей-тұғыны қалай?» деген сөзі ғасырлар бойы күшінде тұра бере ме?

Азғындық пен надандық ауылынан алыстай аламыз ба, жоқ па?!



4 АҚПАН 2025 | СЕЙСЕНБІ

Тұрмыстық зорлық-зомбылықтан жәбір көрген әйелдер саны жылдан-жылға артып келеді. Бүгінде елімізде тағдырдан теперіш көріп, жуан жұдырықтылардың зорлық-зомбылығына ұшыраған әйелдер мен балаларға әлеуметтік қолдау көрсететін 69 дағдарыс орталығы жұмыс істейді. Былтыр осындай орталықтардың көмегіне 5 мыңнан астам әйел жүгініпті. Сенген күйеуінің тұрмыстық қысым көрсетуіне шыдамай, осы сынды «жайлы ортаны» паналап жүрген әйелдердің жағдайын білу үшін елордадағы «Қорғау» дағдарыс орталығына барып, қиын өмірлік жағдайға тап болған нәзік жандармен тілдесіп қайтқан едік.



Елдар ҚАБА (коллаж)

жылап танды атырады. Мұның себебін кейін түсіндім ғой. «Құрметті педагог» медалін алған адам қалайша өз қыздарына азғындық жасауы мүмкін? Біраздан бері педофиликті қысым көрсетіп жүрген екен, тіпті «аналарына айтсандар, өлтіремін» деп те қорқытқан көрінеді. Ақтау қаласында тұратын едік, сол күні шыдамай балаларымды алып, қаладағы әлеуметтік көмекке мұқтаж жандарға арналған орталыққа бардым. Ол жерде балалы әйелдер де, қарттар да, жас балалар да болды. Қыздарымның басына түскен жағдайын естіген болуы керек, түнде жасы үлкен екі ер кісі баса көктеп кірді. Қорыққанымнан айқайлап, көмек шақырдым. Бұл қоғамның соншалықты сана денгейінің төмендеп кеткені ме? Содан туыстарымнан қарыз алып, Астанаға келдім де, осы дағдарыс орталығына жайғастым. Бұл туралы таныстарым айтты. Келгеніме 4 ай болса да, әлі күнге дейін қыздарымның басына түскен жағдайды ұмыта алар емеспін. Кейде алдағы күнім қараңғы болып көрінеді, бәрінен суицид жасап құтылсам ба деген ой болады. Қыздарым әкесі іздеп келгенде бұрышқа тығыла бастайды. Қыздарымның болашағына алаңдағандықтан әрі арына күйе жағылуынан уайымдап, әкесін сотқа беруден қорықтым. Бұл жағдайды естіген туыстарым қолдау көрсетудің орнына қарымқатынасын біржола үзді. Кейін білсем, сауатты адам азғындыққа барар кезде санасын басқара алмай, бала кездегі травмасын шығаруды ойлайды екен.

Сая:

— Үшінші балам 1 апта бұрын дүниеге келді. Осы дағдарыс орталығына келгеніме 2 айдың жүзі болды. Неге дейсіз ғой? Күйеуіммен пәтер жалдап тұрдық. Аяғым ауыр болған соң, үйде бақала қарап жұмыссыз отыратыным. Соңғы кезде қаражаттан қысылып, күнкөрісімізге жеткізе алмай кеттік. Несие менің атыма ғана рәсімделген соң ала беріппін. Ақыр аяғы 3 миллион теңгеге дейін жетті. Байқасам, сенген күйеуім лудоманияның құрығына түсіп, көзіне мен де, балалары да көрінбей кеткен екен. Мойныма осынша қарыз іліп, отбасы алдында жауапкершілігінен жалтара бастады. Балаларыммен сыймаймын ба деп төркініме баруға қорқамын. Анам қайтыс болған соң, әкем үйленді. Жалғыз ініммен хабар аларымыз бұрыннан жоқ. Ертең балама туу туралы күзлік аламын. Одан кейін мемлекет тарапынан бөлінетін жәрдемақыға қарызымды жабатын шығармын. 6 айдан кейін бұл жерден кету керек, алдағы күнімді ойласам жүрегім ауырады. Екі балам енді ғана мектепке орналасқан болатын.

болуы мүмкін. Оны тек әңгімелесу барысында жетілдіре аламыз. Тұрмыс құрған әйелдердің күйеуінен зорлық-зомбылық көрмеуі және алдын алу үшін, кез келген ана алдымен өзін түсінуі керек. Өзіне не керекін білмеген әйелді ешкім де түсінбейді, — деді психолог.

Орталық қызметкерлерінің айтуынша, мұнда жайғасқан кей келіншектердің жолдасы іздеп, балаларын өзімен алып кетуге тырысқан. Алайда орталық бірінші кезекте ана мен баланың денсаулығын, қауіпсіздігін баса назарға алғандықтан, мұның бәрі заңды түрде шешімін табуға көмектеседі.

БАЛАНЫҢ ӨМІРІ ОЙЫНШЫҚ ЕМЕС

Дағдарыс орталығында балалар да бар. Олар балабақшалар мен мектептерге орналастырылған. Орталықтың логопед-дефектологі Базаркүл Кадырбекқызы балалардың жасына сай түрлі жаттығу орындалып тұратынын негізге алды.

— Соңғы уақытта келген балалардың басым бөлігі — бастауыш сынып жасынан төмен балалар. Олар отбасында көптеген кикілжіңді көргендіктен, сөйлеу қабілеті нашарлаған не-

Мұнда келген әр әйелдің тағдырын жауапкершілігімізге аламыз. Олардың бойындағы үрейді мүмкіндігінше сейілтіп, жарқын өмірге бейімдеу үшін біраз уақыт кетеді. Сондықтан біздің басты мақсатымыз – өмірде өзінің орны мен миссиясы бар екенін түсіндіріп, алдағы күнінің сәттілікке толы боларына сендіру.

месе артикуляцияның бұзылуы байқалады. Қазір психологтер баланың әрқайсысымен жеке жұмыс істеп, түрлі-түсті суреттерді бояумен айналысады. Бұл баланың ойындағы «қараңғылықты» жарықтандыруға көмектеседі. Жақында осы орталыққа төртінші рет келген әйел болды. Күйеуінен қанша зорлық көрсе де, баласы үшін бірге тұруға көніп жатыр. Алайда болған жағдайдың тым көп қайталануынан баланың психикасы бұзылып, ортасымен араласуы бәсеңдейді де, тұйық болады. Ондай бала сөйлеу қабілетінен айырылуы айтпаса да түсінікті. Олармен жұмыс істеу ұзақ уақытты талап етсе де, біздің басты мақсатымыз — оларды қалыпты өмір сүруге бейімдеу. Сондықтан осы жолда аянбай еңбек етуге міндеттіміз, — деді Б.Кадырбекқызы.

Айтпақшы, тұрмыста орнын таппай, қиындыққа душар болған әйелдерді өзі қызығатын біріске баулу — орталықтың басты міндеттерінің бірі. Осыған байланысты әйелдер тігу, тоқу сияқты колөнерді үйренуге машықтанып, белгілі кәсіпті менгере алады. Орталық қызметкерінің айтуынша, кәсібін дөңгелетіп, жұмысы алға басқан әйелдер баршылық. Олар бүгінде осындағы аналар мен балаларға жиі сый-сияпатын өкеліп тұрады екен.

СІЗ БІЛМЕЙСІЗ ҒОЙ...

Дағдарыс орталығында әлеуметтік көмек алып жатқандардың ішінде бізге беймәлім қаншама тағдыр бар. Осындай тағдыр иелерінің бірнешеуімен әңгімелесіп көрдік.

(Кейіпкерлердің есімі өзгертілді-ред.)

Айсұлу:

— Бір-бірімізді жақсы көріп үйлендік. Отау құрғанымызға 7 жыл болды. 4 баламыз бар. Бұған дейін бәрі керемет еді, шегіне жеткен ұрыс-керіс те болмаған. Соңғы уақытта 7 мен 4 жастағы қыздарым әкесінен қорқатынды шығарды. Түнде әлдебір сөздерді сандырақтап,

«ҚОЛӨНЕРШІЛЕР ҚАЛАШЫҒЫ» ҚҰРЫЛАДЫ

Түркістан қаласының мәдени-рухани орталығында жаңа туристік нысан – «Қолөнершілер қалашығы» бой көтеруде. Бұл жоба 2023 жылы Sun Holiday ЖШС бастамасымен қолға алынып, құрылыс жұмыстарын Pana Qurylys Group ЖШС жүзеге асыруда. Жалпы аумағы 2,3 гектарды, ал нысан құрылысы 1,5 гектар аумақты қамтиды. Құрылыс жұмыстары 2025 жылдың наурыз айында толық аяқталып, кешен пайдалануға берілмек. Жобаның жалпы құны 5,52 млрд теңгені құрайды. Бұл туралы Түркістан қаласының әкімі Әзімбек Пазылбекұлы бұқаралық ақпарат құралдары өкілдеріне өткізген баспасөз-конференциясында атап өтті.

Назгүл НАЗАРБЕК, Түркістан облысы

— «Қолөнершілер қалашығы» — дәстүр мен туризм тоғысқан бірегей жоба. Туристік кешен 8 негізгі бөліктен тұрады. Онда қолөнершілер өз бұйымдарын жасап, келушілерге шеберлік сабақтарын өткізетін 20 шеберхана, шеберлер туындыларын таныстыратын арнайы 2 шоурум алаң, дәстүрлі қолөнер үлгілері мен тарихи жәдігерлер қойылатын көрме залы, ұлттық тағамдар ұсынылатын 3 мейрамхана мен үшқабатты заманауи жоғары санатты қонақүй болады. Сонымен қатар ұлттық нақыштағы шығыс базары, субұрқатары бар түрлі мәдени іс-шаралар өтетін орталық алаң, демалыс аймағы болатын шатырлы террасалар жоспарланған», — деп атап өтті қала басшысы.



Айта кетейік, Түркістан қаласында 10 жылдан астам уақыт бойы жұмыс істеп келе жатқан Балалар қолөнер мектебі де өңірдің шығармашылық әлеуетін дамытуға өз үлесін қосуда. Мектеп ағашты көркемдеп өңдеу, зергерлік, керамика және мүсін, тоқыма және гобелен, тігін және дизайн, тері және былғары, сурет және кескін-деме бағыттары бойынша үйірмелер жұмыс істейді. Оқу орны көптеген дарынды жастарды тәрбиелеп, олардың шығармашылық қабілеттерін дамытуға мүмкіндік береді. Жалпы, «Қолөнершілер қалашығы» тек жергілікті қолөнер шеберлері үшін ғана емес, сондай-ақ туристерге де тартымды орынға айналмақ. Мұнда ұлттық мәдениетті дәріптеу, дәстүрлі қолөнерді жандандыру және аймақтың туристік әлеуетін арттыру басты мақсат етілген. Жаңа туристік кешен Түркістанның мәдени көлбетін байытып, өңірге келушілер санының артуына ықпал етпек.

«Қаламызда жалпы аумағы 310 гектар құрайтын 2 өндірістік аймақ бар. Оның ішінде 1 арнайы экономикалық аймақ аумағы 180 гектар, бүгінде жалпы құны 126 млрд теңгені құрайтын, 3 050 жаңа жұмыс орнын ашуға мүмкіндік беретін 15 жоба қарастырылып отыр. Сондай-ақ жалпы аумағы 190 гектар құрайтын 1 индустриалды аймақ жұмыс істейді, бүгінде аймақта жалпы құны 10,5 млрд теңгені құрайтын 21 жоба іске асырылған. Алдағы жылдары құны 15,8 млрд теңге болатын және 525 адамды жаңа жұмыс орнымен қамту мүмкіндігі бар 19 жоба іске асыру жоспарлануда», — деді шаһар басшысы.

Сонымен қатар облыс орталығы атанғалы бері өңірге келуші туристердің саны жыл санап артып келеді. Салаға соңғы 2 жылда 74,2 млрд теңге инвестиция тартылса, былтырғы жылы бұл 61,9 млрд теңгені құраған. 2024 жылы Түркістан қаласына келуші зияратшылар мен туристердің саны 1,1 млн адамға жетсе, оның ішінде шетелдік туристердің саны 23,2 мың болған. Бұл алдыңғы жылмен салыстырғанда 90,1 пайызға жоғары. Қазір туризм саласын одан әрі дамыта түсу мақсатында құны 145 млрд теңгені құрайтын, 955 жұмыс орнын ашуға мүмкіндік беретін 13 жоба іске асыру жоспарлануда.

Былтыр Түркістан облысының орталығында 534 мың шаршы метр тұрғын үй пайдалануға берілген. Тұрғын үй құрылысына бағытталған инвестиция көлемі 124,9 млрд теңгені құраған. Қазір Түркістан қаласының тұрғын үй кезегінде 16 579 азамат тұрғын үйге мұқтаж ретінде тіркеліп тұр. 2024 жылы кезекте тұрған 961 отбасы пәтер иесі атанса, 2025 жылы 944 пәтер иесі баспана кілтіне ие болмақ.

Қаладағы инфрақұрылым саласында да бірқатар он өзгерістер бар. Мәселен, ауызсу және электр жарығымен қамтамасыз ету көрсеткіштері 100 пайызды құраса, табиғи газға қосылғандар 98 пайызға жеткен. Бүгінде аталған көрсеткішті 100 пайызға жеткізу үшін 1 нысанның жобалық сметалық құжаттары әзірленіп отыр. Сондай-ақ қала үшін өзекті болып тұрған орталықтандырылған көріз жүйесіндегі құрылыс жұмыстары уақытылы бітсе жыл соңына дейін көрсеткіш 87 пайызға жетпек. Айта кетейік, былтырғы жылдың қорытындысында — бұл 36,5 пайызды құраған.

Түркістан қаласы облыс орталығы болғалы жаңадан бой көтеріп жатқан ғимараттар мен нысандардың қатары жыл санап артып келеді. Оның ішінде көпқабатты тұрғын үйлер, білім нысандары, бизнес орталықтары мен демалыс аймақтарының құрылысын жүргізу жоспарланған. Әр ғимарат сәулетшілердің мақұлдауынан кейін ғана салынуы тиістігі Түркістан облысының әкімі Нұралхан Көшеровтың бақылауында тұр. Бұл туралы облыс басышының қатысуымен өткен жиында айтылған болатын. Онда облыс әкімі «Түркістан қаласында жаңа нысандардың салынуы жалғасады. Шаһарды туризмнің тартылыс нүктесіне айналдыруға мүмкіндік бар. Жаңа нысандар салу, инвестициялық жобаларды жүзеге асыру бастамаларын қолдаймыз. Басталған іс аяқталуға тиіс. Ғимараттардың сәулетіне қатысты талаптар толық сақталуы тиіс. Қоғаландыру, абааттандыру жұмыстарына мән беру керек. Бізге әлеуметтік тұрғыда тиімді, елге қызмет ететін ірі жобалар қажет», — деген-ді. Мәжілісте жаңа нысандар туралы да сөз қозғалды.

Әзімбек Пазылбекұлы бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдерімен өткен жиында қалада жалпы аумағы 310 гектар құрайтын 2 өндірістік аймақ бар екеніне де тоқталды. «Оның ішінде 1 арнайы экономикалық аймақ аумағы 180 гектар, бүгінде жалпы құны 126 млрд теңгені құрайтын, 3 050 жаңа жұмыс орнын ашуға мүмкіндік беретін 15 жоба қарастырылып отыр. Сондай-ақ жалпы аумағы 190 гектар құрайтын 1 индустриалды аймақ жұмыс істейді, бүгінгі күнде аймақта жалпы құны 10,5 млрд теңгені құрайтын 21 жоба іске асырылған. Алдағы жылдары құны 15,8 млрд теңге болатын және 525 адамды жаңа жұмыс орнымен қамту мүмкіндігі бар 19 жоба іске асыру жоспарлануда», — деп атап өтті шаһар басшысы.

Жиында бұдан бөлек, Түркістан қаласының әлеуметтік-экономикалық дамуы туралы сөз қозғап, атқарылған жұмыстарды мәлімдеп, алдағы жоспарларымен таныстырды.

СОРЫ ҚАЛЫҢ СОДА

Сыр өңірінде кальцийлендірілген сода зауытын салу бастамасы сөз болғалы елдің береке­сі қашты. Әсіресе, онсыз да экологиялық апат аймағының зардабын тартып отырған Арал өңіріндегі жамағатқа бұл жайсыз хабар «жығылғанға жұдырық» болып тиіп отыр.

А **Ербақыт ЖАЛФАСБАЙ,**
Қызылорда облысы

Арал өңірі жайында айтуымыз бекер емес. Өйткені химзауытты теңізді өлкеден салу мәселесі көптен бері сөз болып келеді. Тұрғылықты халықтың «бұл бастамаға тосқауыл қойылуға тиіс» деп жанайқайын жеткізуінін басты себебі — осы. Күнделікті жел тұрса тартылған теңіз табанынан көтерілетін құм мен тұздан көз ашпайтын өңір халқының жағдайы онсыз да мәз емес. Аурушандық көрсеткіші көбейіп барады. Әсіресе, жүрек, қан қысымы мен кант диабеті аурулары асқынып тұр. Одан қалды, теңіз маржаны түгесіліп, байырғы атакәсібі де тұралап қалған. Жастар жұмыс­сыздық зардабын тартып жүр.

Негізі, Арал қаласы маңынан кальций­лендірілген сода зауытын салу жобасы 2017 жылы бастау алды. Бұл бастама «Қы-



зылорда шыны зауытына қажет» деген желеумен облыс әкімінің шешіміне сай қолға алынды. Жоспар бойынша «Бизнестің Жол картасы — 2025» бағдарламасы аясында жүзеге асыру көзделген аталмыш жоба жылына 300 тонна өнім өндіретін қуатқа ие. Өндіріс орны толыққанды іске қосылған­да 700-дей жергілікті халықты жұмыспен қамтуға мүмкіндік артады деген де уәждер айтылып қалды.

Алайда халықты зауыттың өнімділік қуаты мен жұмыспен қамту жағы қуантқаны­мен, өнімнен бөлінген зиянды қалдықтар­дың жайы алаңдатады. Әу бастан экология­лық зардабы қаперге алынып, жан-жақты зерделенді деген уәждер жергілікті жұрт­шылықты қанағаттандырмай тұр.

Дерекке сәйкес, келешекте өндіріс орнында өндірілген 1 тонна содадан 10 тонна шлам шығады екен. Яғни, көбік төріздес улы қалдық бөлінеді. Оның адам азғасына зияны орасан. Әлемдік ғалымдар­дың пайымдауынша, бұл улы қалдық ауаға, өсімдіктер дүниесіне де өте қауіпті саналады. Осы қалдықты мамандар бұрынғы теңіз ұлтанындағы кіші Сарышығанак аталатын орынға арнайы шұңқыр қазылып, суға араластырып, көмуді ұсынған. Сондай-ақ қалдық көмілетін орында дамба салу арқылы бекіту көзделген. Бірақ наразы топ бұл да қисынға қия соқпайтынын айтып, дабыл қағуда.

«Арал өңірінен кальцийлендірілген сода зауытын салу бастамасы қозғалған кезден бастап түбегейлі қарсылығмызды білдіріп келеміз. Негізі, ауданнан «Туран ойпаты-Арал теңізі» қоғамдық бірлестігінің құрылуына да осы келенісздік басты себеп болғанын айта кеткен абзал. Соның негізінде 2019 жылы билік өкілдерінің қатысуымен бірінші тыңдалым да өткізілген. Құзыры орындар тарапынан ұйымдастырылған тыңдалымда өндіріс орнын салуға шешім шығарылыпты. Одан алғашында халық бейхабар болды. Кейіннен 2020 жылы баспасөз арқылы екінші тыңдалым болатынын естіп, наразы топ жиналып, соған арнайы қатысқанбыз. Билік өкілдерімен қоса, бірақтар қоғамдық бірлестік мүшелері бас қосқан екінші тыңдалымда онсыз да экологиялық зардапты бастан кешіп отырған өңір халқы үшін бұл зауыттың зияны шаш етектен екенін айтып, қарсылы­ғымызды білдірдік. Одан кейін аудандық қоғамдық бірлестіктің отырысында да өндіріс орнының зияндылығын дәлелдеп бердік. Содан соң зауыт салу бастамасы саябырсығандай болып еді. Жуырда бұл бастама тағы көтеріліп отыр. Бірақ аудан халқы, қоғамдық бірлестік өкілдері, бір сөзбен айтқанда, туған жеріне шын жанашыр жандар өз шешімімізді өзгертпейміз. Ары қарай да адам тағдырына алапат қауіп төндіретін ажал араны саналатын сода зауытын салуға түбегейлі қарсымыз. Мұны эко­логиялық апат апанында отырған 40 мыңдай халыққа қасақана қолдан жасалған қатыгездік деп білеміз. Кеш болмай тұрғанда есімізді жиып, зиянды зауытты Арал өңірінен алып кетуін талап етеміз!» — делі Арал тұрғыны, қоғам белсендісі Света Нұрпейісова.

Тұрғындардың пікіріне сәйкес, Аралдың маңдайына біткен соры онсыз да бес елі. Ке­нес кезеңінде теңіз аумағында «Возрожде­ние» аралында бактериологиялық сынақ жүргізетін құпия зертхана жұмыс істегені көпке мәлім. Зертханадан шыққан зиянды қалдықтар аралдағы теңіз түбіне арнайы бөшекелерге салынып, көмілгені белгілі. Бүгінде теңіз табаны құрғап, арал құрықпен қосылып кетті. Арнайы ыдысқа салынып көмілген улы заттар құмнан аршылып,

бұлақ суына қосылып, халықтың, төрт түліктің жаппай қырылуына соқтырмай ма деп үрейленіп те отыр.

«Өзім ауданның байырғы тұрғынымын. Аудандық газетте 40 жыл еңбек еттім. Зей­нетке шықсақ та еңбектен қол үзбей, жұ­байымыз екеуіміз шағын қожалыққа иелік етіп отырмыз. Нақты айтқанда, сода зауыты салынатын Сарышығанак елді мекенінде шаруашылықпен айналысамыз. Зауыттың осы аумақтан салынуына бес жылдан астам уақыттан бері қарсылық танытып келеміз. Кейінгі жылдары өндіріс орны біздің өңірден салынбайтын болыпты деген хабарды естіп қуанып қалған едік. Бірақ соңғы күндері зауыт құрылысы қайта жалғасатынын естіп, көңіліміз құлазып жүр. Экологияның зардабын тартқанымыз аздай, енді содадан бөлінген улы қалдықты жұтамыз ба деп қорқып отырмыз. Осы сәтті пайдаланып, аралдық аналардың атынан сода зауытының салынуына қарсылығымызды білдіріп, үндеу тастағым келеді. Ең болмағанда келешек ұрпағымыз­дың қамын ойлап, онсыз да тартылған теңіздің тауқыметін көріп отырған халықтың ендігі кезекте аммиакты сода шламымен улануына жол берілмесін!» дейді тағы бір тұрғын Жанар Барбосынова.

Жалпы, сода жасаудың тиімді тәсілдері мен зиянды әдістері жайында бұған дейінгі зерттеушілердің жазбаларында аз айтылған емес. Соның ішінде Башқұртстан Респуб­ликасының еңбек сіңірген қайраткері, химия ғылымдарының докторы, профессор Марк Сафаровтың кальцийленген сода өндірісі БСК (Башқорт сода компаниясы) туралы берген сұхбатында көптеген деректі алға тартады. Бұл жайында Аралдың тумасы, марқұм Зеріп Айтжанованың аудармасынан аңғаруға болады.

Негізінен, кальцийленген сода — күн­делікті тұрмысымызға қажетті өнім. Оны жокқа шығара алмаймыз. Дей тұрғанмен, оны өндірудің зиянды және зиянсыз тәсіл­дері бар. Жоғарыда атап өткеніміздей, Башқұртстан профессорының жергілікті БАҚ-қа берген сұхбатында осы сода өн­дірісінің инженерлік талаптары жік-жікке бөлініп көрсетілген.

Салыстырмалы түрде дәл Сыр өңірін­дегідей жағдай бұған дейін Башқұртстанда жүзеге асырылып отыр. Нақты айтқанда, 1937 жылы Кеңес Үкіметі тұсында бұл елде стерлитамақ сода компаниясы өндірісі қолға алынады. Сол маңдағы Ақ Еділ өзені стерлитамақ өндірісін қолға алуға себеп болса керек.

Екінші дүниежүзілік соғыс жылдары Украинадан, Славянск және Шахты қала­ларынан сода зауыттары Башқұртстанға көшіріліп, Германия контрибуция заңымен ең манызды, ең озық, ең дамыған техноло­гиялар мен өндіріс нысандарын, алтын қорын, басқа да байлықтарын КСРО-ға тегін берген дүниелердің ішінде заманауи сода зауытын да Башқұртстанға апарды. Содан бергі уақытта сода өндірудің бұл әдісінің зияндылығын жергілікті жұртшылық сезіне бастаған.

Дерекке сәйкес, әлемде ірі кальций­ленген сода өндірісімен айналысатын 34 зауыт бар. Олар барлық сода мөлшерінің 50 пайызын өндіріп отыр. Соның ішінде, негізінен дүниежүзілік сода мөлшерінің 24 пайызын АҚШ, 38 пайызын Қытай өндірісі қамтамасыз етеді екен. Осы орайда айта кеткен абзал, бұл зауыттар бельгиялық химик Сольвеннің 1861 жылы енгізген әдісімен кальцийленген сода өндіруші болып саналады. Бұл әдістің ерекшелігіне тоқталар болсақ, кальцийленген соданы

шығару үшін екі шикізат — әктас СаСО3 және ас тұзы NaCl қажет екен. Осы екеуін қосқанда — кальцийленген сода — Na2CO3 шығады немесе натрий карбонаты өндіріледі. Әктас қорын тауып, оны қазып, қопарып, вагондарға тиеп, қажетті мөлшерде бөлшектеп, қортқы көмір-кокс қосып, араластырып, тіке металлургиялық пешке салып, 900*-1100* аралығындағы ыстықта күйдіреді. Көмірқышқыл газ бен ас тұзын қосқанда кальцийленген сода шығады. Сольве әдісі талабымен қосалқы элементтер ретінде NaCl-дан натрий алынса, әктастан көмірқышқыл СО2 шығарылады. Ас тұзы­ның хлоры (Cl) және әктастың кальцийі (Са) қосылғанда қокыс болып хлорлы кальций- (СаCl2) шығады. Осы екеуі қосылып ағын, улы суларды құрайды. Сольве әдісімен 160 жыл бойы жұмыс істеп келген зауыттардың негізгі уайымы да осы ағынды зиянды қалдықтарды құрту мәселе­сі.

Негізінен, дүниежүзі тұтынушыларына керегі 2 миллион тонна хлорлы кальций. Ал қазіргі 34 зауыт осы қажетті өнімді өндіру үшін 50 миллион тонна қалдық тастауға мәжбүр. Соның ішінде 48 миллион тонна улы хлорлы кальций мұхиттарға, теңіздерге, көлдерге, өзендерге төгіледі.

Осыдан-ақ сода өндірудің бұл әдісінің қаншалықты зиянды екенін бағамдай беруге болатын шығар.

Бертін келе қытайлықтар өз жерінде улы қалдықтарды тығу жолдарын таппай, Сольве әдісін жарты жолда тоқтатып, СаCl2-нің орнына басқа тұз шығару әдісін тауып, өндіріске енгізген. Тұздың атауы — хлорлы аммоний. Аммоний күріш алқап­тарында тыңайтқыш ретінде қолданатын болады. Сонымен, қытайлықтар Сольве әдісін өздерінің ерекшеліктеріне сәйкес­тендіріп, ықшамдап, СаCl2 орнына NH4Cl өндіріп, Хоу әдісін тапқан. Хоу әдісі — қысқартылған, ықшамдалған Сольве әдісі екен. Сондықтан да аралдықтардың қытай (Гонконг) «АралСода» зауытын салуға қарсылығы — осы Сольве және Хоу техно­логияларының орасан зияндылығымен тікелей байланысты болып отыр.

Жалпы, жергілікті жерден өндіріс ор­нын ашуға тұрғылықты халықтың қарсылығы жоқ. Бірақ қоршаған ортаға зиянсыз, үнемді, перспективалық әдістер бойынша қолға алынса деген талабы бар.

«Айдыңды Арал өңірінен өндіріс орнын ашып, тұрғылықты халықты тұрақты жұ­мыспен қамтуға бағытталған әрбір бастаманы қолдаймыз. Бірақ соңғы жылдары жиі көтеріліп жүрген сода зауытының бағынан гөрі соры басым болып тұр. Осы орайда «Туран ойпаты Арал теңізі» қоғамдық бірлестігі атынан қояр талабымыз бар. Атап айтқанда, Арал халқына сода зауыты құрылысы таныстырылсын және қоғамдық тыңдалым қайта өткізілсін. Сондай-ақ Рамсар конвенциясымен қорғалған сулы-батпақты аумаққа жататындықтан, зауыты Сарышығанакта салу тоқтатылып, басқа жер қарастырылсын. Себебі бүгінге дейін Сарышығанакқа билік өкілдері айтқандай, ешқандай инфрақұрылым немесе жұмыс істелмегені де көріп отырмыз. Бұған қоса, зауыттың қала маны экологиясына әсері ескеріліп, елді мекеннен алыстатылсын. Ең болмағанда зауытты тұз өндіріліп жатқан бұрынғы Сольтерс маңына салынуын ұсы­намыз. Зауыт салу көзделген Сарышығанак маңында бұрын әскери гарнизон болғаны белгілі. Келешекте сол жерді өндірістік аймаққа айналдыру жолдарын да қарастыруға болар еді», — дейді бұл жайында қоғамдық бірлестік өкілі Айжарық Ерәли.

Мәселен, кейінгі жылдары соданы көп жағдайда тұзды көлдерден тікелей алуға болатыны дәлелденген. Атап айтқанда, Ресейге тиесілі Алтайдағы Солное көлі, Башқұртстандағы Орынбордың Соль-Илецкі сынды орындары өте қолайлы саналады. Ал елімізде 40-қа жуық тұзды көл бар көрінеді. Соның ішінде Сыр өңіріндегі Кіші Арал, Қамыстыбас, Тұшыбас көлдері сода өндірісіне қолайлы екені жасырын емес.

Мәліметке сәйкес, табиғи кальцийлен­ген соданы трона деп атайды. Осы әдіспен дүниежүзіндегі сода өндірісінің 24 пайызын АҚШ-та тек тірі тұз көлдерден қазу арқылы өндіріліп отыр. Яғни, олар соданы жаса­майды, тек су астындағы дайын өнімді кептіріп, қалтапал сатады. Бұл өнім эко­логиялық таза, шламсыз, артық қалдықсыз болып саналады. Соның негізінде АҚШ-та соңғы 30-40 жылда Сольве әдісімен сода өндіретін бірде-бір өндіріс орны салынбапты.

Сондықтан да наразы топ «Арал-Сода» зауытының қытайдың ескі Сольве-Хоу әдісінен бас тартуын талап етеді. Бұл өскелең ұрпақтың келешегіне балта шабу, онсыз да экологиялық зардаптан көз ашпай отырған Арал өңірінің ахуалын одан бетер ушықтыруға әкеп соқтырады деген қорқыныш басым.



КӨКШЕТАУДА ӘУЕҚАТЫНАСЫ НЕГЕ ӘЛСІЗ?

(Басы 1-бетте)

А **Абзал АЛПЫСБАЙҰЛЫ,**
Ақмола облысы

Әуежайда тек SKAT және соңғы жылдары Qazaq Air әуе компаниясының ұшақтары ғана қызмет көрсетеді. Осыдан он бес жыл бұрынғы, яғни 2013 жылы Көкшетау-Алматы рейсінде Алматыға жетпей құлап, 21 адам тіл тартпастан көз жұмған қайғылы трагедиялық оқиға күні бүгінге дейін жұрттың көкейінен шыққан емес. Сол себепті де бұл әуежай­дың ұшақтарына деген халықтың сеніміне де селкеу түсірген. Әуе компаниясына қатысты үлкен қылмыстық іс қозғалып, әуежайлардан бұл компания ұшақтарына тыйым салу мәселесі талай мінберден көтерілгенімен, іс жүзінде сол бойы «жабулы қазан» күйінде қалған. Көкше­тауда әуерейстері сол күйі бағы SKAT компаниясының ұшақтарымен күні бүгінге дейін жалғасып келеді.

Деректерге сенсек, шаһар әуежайы 2010-2013 жылдарға арналған әуевоқзал­дарын қайта құру және инфрақұрылымды жақсарту мақсатындағы арнайы бағ­дарлама шеңберінде күрделі жөндеуден өткізілген. Жұрт жанартылған әуежай жана леппен жұмысын бастайды деп сенген. Алайда жөндеу жұмыстары аяқ­талған әуежайдың алғашқы қадамы трагедиямен басталғанын жоғарыда айтқанбыз. Бұдан кейін 2022 жылы әуе­жайда тағы жөндеу жұмыстары басталды. Қонақүйі мен әуежайдың ұшу құрамы ғымараттарына жөндеу жұмыстары жүргізілген. Осының нәтижесінде барлық санаттағы жолаушыларға және күтіп алушылар мен шығарып салушыларға ұшу алдындағы және ұшып келу бой­ынша кешенді қызмет түрлері біршама жақсара түскен. Әуежайда жолаушыларға әуебилеттерін беру, жүктерді тіркеу, төлқұжаттық бақылау және отырғызу сияқты қызметтер көрсетіледі.

Көкшетау әуежайының директоры Ерлан Құсайыновтың айтуынша, күрделі жөндеуден өткеннен кейін әуежай қызметі 171 тоннаға дейінгі әуекемесін жөне­лутте қауқарлы болған. Компания үстіміздегі жылы әуежай қызметі жолаушыларға қызмет көрсету сапасын арттыру және өңірдің көлік мүмкіндіктерін кеңейту бойынша стратегиялық жоспарлар шең­берінде дамулы жағдайлармақ ниетте.

— Біз биылғы жылы әуежай қызметін­де қарқынды жоспарларды жүзеге асы­руды көздеп отырмыз. Жоспар бойын­ша ішкі бағыттарды дамыта отырып, Қызылорда бағытына рейстерді ашып және Ақтауға қатынайтын рейстерді қалпына келтіру көзде­ліп отыр. Сонымен қатар халықаралық рейстерді де кеңейте отырып, жолаушыларымызға Ресей және Өзбекстан сияқты мемлекеттерге ұшу мүмкіндігін туғызуды қолға алмақ­пыз, — дейді Ерлан Құсайынов.

Бірақ жоғарыда айтып өткеніміздей, барлық жағдай жасалған әуежайға адам жоламайды. Қызмет сапасы көңілге қонарлық болғанымен, рейстер саны санаулы әрі билеттің құны өзге қалалар­мен салыстырғанда әлдеқайда қымбат. Әрине, жұрт көкейінде халықаралық талаптарға сай әуежайдың жағдайдың осындай күйге жеткені нәліктен деген сауал туындайтыны сөзсіз. Өйткені Ақ­мола облысы республикадағы ең турис­тік аймақтардың бірі екенін ескерсек, облыс орталығындағы әуежайдың жұмысы тәулік бойы тынбайтын тірлік қызып жатуы тиіс емес пе деген ой қылаң береді. Әуежай басшылығы бұл түйткілді мәселенің туындауына ықпал ететін әуежай тасымалының экономикалық және ұйымдастырушылық аспектілерінің бірнеше себебін алға тартты. Сонымен қатар рейстер санының аздығы мен билет бағасының қымбаттығын және ұшу орындалғанша бастапқы бағаның өзгермейтінін мойындады. Әуежай

директоры рейстер саны мен жолаушы­лардың төмендігіне ықпал ететін бірнеше нақты себепті атады.

Бұл орайда әуежай басшылығы жағдай осылай екен деп қарап отырмай, түйткілді мәселелердің түйінін тарқату үшін қолдан келгенше қарманып жатқанын жеткізді.

— Рейстер санын арттыру үшін жана әуекомпанияларды тарту, бағыттарды субсидиялау, баға саясатын қалыптастыру сияқты жұмыстар жүргізілуде. Бұған министрлік тарапы да араласып, инве­стиция мен субсидия мәселелерін қолға алса, ол жағдайды шешудің тиімді құралы болар еді, — деп толықтырды Ерлан Құсайынов.

Туризм саласын түлетуде Көкшетауға әуеқатынасының қолайсыздығы да бірталай кері әсер етіп жатқаны сөзсіз. Бұрабай, Зеренді сияқты республикадағы танымал ірі демалыс аймақтарына бару үшін де жолаушылар әуеқатынасы тиімсіз болған соң автокөлікке жүгінуге тура келеді. Бұл өз кезегінде жол қатынасын қиындатып, аймақтағы ірі жол апаттарын жиілететінін де атап өткен жөн. Бұл сөзімізге айқын мысал жыл басында жана жылды атап өткеннен кейін Астана-Шүчинск тас­жолында бір мезетте 95 көліктің соқтығысып, көптеген адамның ауыр жаракат алып және бұл жағдайдың жол қозғалысына айтарлықтай кедергісін тигізген еді.

Облыс әуежайындағы өткір мәселе­лерді Ақмола облысының Жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бас­кармасы басшылығынан да сұрап көруді жөн көрдік. Баскарма басшысы әуежайда тиісті жана рейстерді ашу, субсидиялау және әуекомпанияларын тартуға өтінім берілгенімен, тиісті шешімнің тез арада қолға алынбауының салдарынан жағдай­дың тым күрделеніп кеткенін мойындады.

— Аймақтың инфрақұрылымын жақ­сарту үшін ведомство әуежаймен тікелей қарым-қатынаста жұмыс істейді. Жыл сайын баскарма мен әуежай тарапы бірлесіп, тиісті министрлікке әуебағыт­тарын субсидиялауға және әуе компани­яларын тартуға өтінімдер береді. Бірақ бұл жұмыстар тез арада атқарыла қоймай­тындықтан, осылай шиеленісе түседі. Жыл сайын баскарма атынан Көлік министрлігіне Ақтөбе, Атырау, Ақтау, Қызылорда және өзге де қалаларға әуебағыттарын субсидиялауға және қолданастағы әуебағыттарының жиілігін арттыруға өтінімдер жіберіледі. Бірақ бюджет тапшылығы салдарынан мәселе тез шешіле қоймайды, — дейді баскарма басшысы Владимир Кулаков.

Баскарма мәліметінше, 2023 жылы Шымкент қаласына қатынайтын әуеба­ғыты ашылып, министрліктен субсидия мақұлданған. Ал биылғы жылы министрлік Көкшетау әуежайынан Қызылордаға қатынайтын әуебағытына қаражат бөлген. Қазір әуерейсін жүзеге асыратын ком­паниялар арасында конкурс өткізіле бастаған. Аталған жоспар іс жүзінде жүзеге асырылса, жолаушылардың Көкшетаудан Қызылордаға аптасына екі рет қатынау мүмкіндігі пайда болмақ. Баскарма өткен жылдармен салыстырғанда соңғы екі жылда, әсіресе жаз маусымында әуебағыттарының жиілігі арта түсіп, әуежай қызметі сыйымдылығы үлкен ұшақтарға қол жеткізгенін жеткізді.

P.S......


Аймақта туризм кластерінің бүлкілдеген тамырына қан жүгіртуде әуеқатынасының да аса үлкен мәнге не екені сөзсіз. Әуеатасымалының аздығы мен тиісті мәселелердің шешілмеуіне әуежайдағы тіршіліктің бүгінгі ахуалы аса күрделі. Сондықтан бұл орайда түйіннің тарқатылуы үшін бірінші кезекте құзырлы министрлік жағдайға назар аударып, қажетті шараларды қабылдайды деп үміттенеміз.

«КЗ 13/17» ЖШС (БСН 200640030728) өзінің таратылғаны туралы ха­барлайды. Шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Қазақстан, Түркістан қаласы, Жаңа қала ш.а., 9 көше, 11/1 үй, 44 пәтер.

ДОДА

4 АҚПАН 2025 | СЕЙСЕНБІ

Осы қыстың ең басты додасы Азия ойындарына санаулы күндер қалды. Қазақстан құрамасының жарысқа қатысатын спортшылары қатары толыққан. Бұған дейінгі қысқы Азия ойындарына дейін жүлделі оралған спортшыларымыз аз емес. Қазақ елінің атын асқақтатып жүрген батырларымыз кімдер? Шолу жасап көрейік.



ЖҮЛДЕДЕН ҮМІТКЕР
САҢЛАҚТАР

Әсет ҚАЛИ

Биыл Азия ойындары Қытайдың Харбин қаласында өтеді. Додаға Қазақстан атынан 137 спортшы қатысады. Жарыс күнінің уақыты 7-14 ақпан аралығына жоспарланғанымен керлингтен жарыстар 3 ақпанда басталмақ. Құрамамыздың спортшылары сноубордты санамағанда, 10 спорт түрінен бақ сынайды. Жарысқа аттанатын спортшылардың да тізімі жарияланды. Олардың арасында бұрын Азия ойындарында өнер көрсеткен және жүлде иеленген көптеген танымал атлеттер бар.

Таяу шығыста бірнеше рет көзге түсіп жүрген спортшымыз Абзал Әжіғалиев осы жылы да өз бағын сынап көрмек. Шорт-трекшіміз Азия ойындарына осымен екінші мәрте қатысып отыр. Қазақстандық спортшы 2011 жылы өткен



нова, Софья Самоделькина, Байсангур Датиев және Гаухар Наурызова бар.

Осы жылы шайбалы хоккейден дәмеміз зор. Себебі Қазақстан құрамасы Азиядағы үздік құрамалардың бірі ретінде көштің үстінде. Сарапшылардың ойынша фавориттер қатарына күмәнсіз кіріп тұр. Жалпы, Қазақстан ерлер құрамасы хоккейден 1996, 1999, 2011 және 2017 жылы өткен ойындарда жеңімпаз атанған. 2025 жылғы Азия ойындарына қатысушылардың ішінде Иван Степаненко, Дмитрий Гренц, Кириил Савицкий Саппорода өткен жарыстың алтын жігіттері. Сондай-ақ Роман Старченко, Евгений Рымарев 2017 жылы тізімге енбесе де, 2011 жылы ұлттық құрама сапында өнер көрсетіп, алтын медальді мойнына таққан.

Хоккейден Қазақстан әйелдер құрамасының нәтижелері де көз тартарлық. 2003, 2007, 2011 жылдары алтыннан алқа тақса, 2017 жылы Жапонияда қола жүлдені қанағат тұтқан. Осы жылғы Азия ойындарына қоланы алтынға айырбастуға Арина Щёколова, Мадина Тұрсынова, Малика Алдабергенова, Пернеш Әшімова, Татьяна Королёва бара жатыр. Сондай-ақ Татьяна Королёва 2011 жылы Қазақстанда өткен мультиспорттық шарада алтынды жеңіп алғанын айта кеткеніміз жөн.

Биатлоннан ұлттық құраманың спортшылар тізімі біршама өзгеріске ұшырады. Дей тұрғанмен, ескінің көзі Ольга Полторнина — 2011 жылы өткен ойындарда эстафетада алтын медаль иеленген спортшы. Сондай-ақ Дарья Климина 2017 жылы Жапонияда өткен ойындарда ел намысын қорғап, жалпы есепте үш медальға қол жеткізген еді. 10 шақырым қашықтықта із кесу жарысынан және 12,5 шақырым қашықтықта масс-старттан қола жүлдеге ие болса, аралас эстафетада алтыннан алқа тағып мерейімзді үстем қылған еді. Ал керлингтен 2017 жылы Саппородағы ойынға Қазақстан құрамасының атынан Абылайхан Жүзбай қатысқан болатын. Ол биыл да өз бағын қайта сынап көрмек.

Шаңғы жарысынан бұрын 2017 жылы Жапонияда Дарья Ряжко және Ангелина Шурыга өнер көрсеткен болатын. Алайда медальға қол жеткізе алмады. Қазіргі құрамға Надежда Степашкина, Дарья Ряжко, Камила Елғазина, Ксения Шалыгина, Ангелина Шурыга, Мария Люфт, Илияс Исабек, Наиль Башмаков, Ернар Нұрысбеков, Олжас Климин, Владислав Ковалев және Константин Борцов кірді.

Жоғарыда атап өткен саңлақтардың барлығы да 2025 жылға дейін жеңіс тұғырынан көріне білген әрі жақсы нәтиже көрсеткен спортшылар. Биылғы Қазақстан құрамасының спортшылары да осал емес. Барлығы Әлем кубогының және халықаралық турнирлердің жеңімпазы. Қытайда бәсекелестік жоғары болары анық, алайда Қазақстан құрамасы барлық спорт түрінен медальға қол жеткізуге толықтай мүмкіндігі бар.

Астанадағы Qazaqstan жеңіл атлетикалық спорт кешенінде Қазақстан құрамасын 2025 жылғы ІХ қысқы Азия ойындарына салтанатты түрде шығарып салу рәсімі өтті. Іс-шараға Туризм және спорт министрі Ербол Мырзabосынов, Қазақстан Ұлттық Олимпиадалық комитетінің Бас хатшысы Әлімжан Ақаев, 1998 жылғы қысқы Олимпиада ойындарының қола жүлдегері, 1996 жылғы Азия ойындарының екі дүркін чемпионы Людмила Прокашева, шорт-тректен Қазақстанның еңбек сіңірген бапкері Мәдіғали Қарсыбеков, спорт ардагерлері, бапкерлер мен қоғам қайраткерлері қатысты.

Рәсім барысында хоккейші Әділ Бекетаев және шорт-трекші Ольга Тихонова Қазақстан құрамасының ту ұстаушылары болып, оларға салтанатты түрде Қазақстан Республикасының туы табысталды.

ойындарда аралас эстафетада қола жүлдеге ие болған. Ал ерлер арасында Мерсаид Жаксыбаев және Әділ Ғалияхметов жарысқа қатысқанымен жүлдеге қол жеткізе алмады.

Мәнерлеп сырғанауға келер болсақ, құрама толықтай өзгерді. 2017 және 2025 жылдардағы құрамды салыстыратын болсақ, ескі құрамда Денис Тен, Абзал Рахымғалиев, Айза Имамбек, Элизабет Тұрсынбаева өнер көрсетті. Биылғы жарысқа қатысушылардың қатарында Михаил Шайдоров, Диас Жиренбаев, София Фарафо-



ҰЛТТЫҚ СПОРТҚА –
ЖАҢА ПРЕЗИДЕНТ

Еркебұлан Ильясов Қазақстан Республикасы Ұлттық спорт қауымдастығының президенті болып сайланды.



Қазақстан Республикасы Ұлттық спорт қауымдастығының кезектен тыс жалпы отырысы өтті. Отырысқа Туризм және спорт министрінің орынбасары Серік Жарасбаев, сондай-ақ еліміздің ұлттық спорт федерацияларының президенттері мен өкілдері қатысты.

Жиында Ұлттық спорт қауымдастығының президенті қызметін атқарған Исламбек Салжанов соңғы екі жылдағы атқарылған жұмысы жайында кеңінен есеп беріп, қорытындылады. Қауымдастық құрылтайшылары дауыс беру арқылы жаңа жарғы қабылдап, нәтижесінде Еркебұлан Сайдоллаұлы Ильясов бірауыздан Қазақстан Республикасы Ұлттық спорт қауымдастығының президенті болып сайланды.

Отырыс барысында Серік Жарасбаев Исламбек Төлеубайұлына ұлттық спорттың дамуына қосқан үлесі үшін алғыс білдіріп, жаңа президент Еркебұлан Сайдоллаұлына сәттілік тіледі. Сонымен қатар ол барлық федерациялардың ынтымақтастығын нығайтып, ұлттық спорт түрлерін әлемдік деңгейде насихаттау үшін бірлесіп жұмыс істеуге шақырды.

ҰЛЫТАУДАҒЫ ЕҢ ІРІ
ШАХМАТ АКАДЕМИЯСЫ

Жезқазғанда бес дүркін әлем чемпионы, гроссмейстер Жансая Әбдімәліктің Шахмат академиясының филиалы өз жұмысын бастады.



Аталған филиал еліміздегі ең үлкен академия атанып отыр. Ғимараттың жалпы ауданы 900 шаршы метр, оқушы саны — 1 000-ға жуық.

«Ұлт ұясы — Ұлытауда сіздермен қауышқанамы қауыныштымын. Барлығыңызды академияның ашылуымен шын жүректен құттықтаймын. Мемлекет басшысы спорт саласына ерекше көңіл бөлуде. Нәтижесінде, спортшыларымыз әлемдік додаларда әрқашан биіктен көрініп келеді. Шахматта біздің спортшылар әлемдік додаларда өте жоғары нәтиже көрсетіп жүр. Елімізде 8 мыңнан астам шахмат үйірмелері жұмыс істейді. 270 мыңнан астам бала шахматпен айналысады. Жансаяның өзі — халықаралық гроссмейстер. Әлемдік аренада топ жарып, өзінің спорттағы жолынан бөлек, балаларды спортқа баулып, оларға жол ашып жатыр. Келешекте осындай академиялардан әлемдік додаларды бағындыратын спортшылардың өсіп шығатынына сенімдімін», — деді ашылу салтанатына қатысқан Туризм және спорт министрі Ербол Мырзabосынов.

Сонымен қатар академияның ашылуы аясында KAZAKHMY S YOUTH TEAM C HESS CUP атты алғашқы халықаралық балалар командалық турнирі ұйымдастырылды. Аталмыш додаға Қазақстан, Ресей, Беларусь, Қырғызстан мен Монғолиядан келген 100-ден астам жас шахматшы қатысты.

қысқы Азия ойындарында бақ сынаған. Ал 2017 жылы атлет жаракатына байланысты Саппородағы жарысты өткізіп алды.

— Соңғы рет мен Азия ойындарында 2011 жылы өнер көрсеттім. Сол кезде қола жүлдегер атандым. 2017 жылы жаракат алып, жарысты өткізіп алдым. Араға 14 жыл салып, бұл сайысқа қайта қатысу мүмкіндігіне ие болып отырмын. Міндетті түрде осы мүмкіндікті пайдаланамын. Азия үшін бұл жарыстар өте маңызды.

Кореялықтар мен қытай спортшылары Азия ойындарын, мысалы, Әлем кубогынан да жоғары қояды. Олар үшін бұл — басты жарыстардың бірі. Ал біз әр қашықтықта бәсекеге түсе аламыз. 500 метрде мүмкіндігіміз көбірек, өйткені құрамамызда мықты спринтерлер көп. Өз күшімізді көрсетеміз деп ойлаймын. Сонымен қатар Азия ойындарындағы шорт-трек жарысы — Олимпиада мен әлем чемпионатына тең деңгейдегі бәсеке. Әр бағдарламада бәсеке жоғары болады. Қарсыластарымыз әлем үздіктері болғанымен, біз барынша медаль үшін күресеміз, — дейді Абзал Әжіғалиев.

Жалпы, 2011 жылы шорт-тректен Айдар Бекжанов, Артур Сұлтанғалиев, Нұрберген Жұмағазиев, Фёдор Андреев жүлде үшін күрескен. Қазақстандықтар аралас эстафетада қола жүлде иеленген еді. Биылғы тізімде әйелдер арасында 2011 жылы өнер көрсеткен спортшы жоқ, алайда 2017 жылы жүлдегер атанған шорт-трекшілер баршылық. Соның ішінде Ольга Тихонова және Мадина Жанбусинова Саппорода өткен

 AIQYN Меншік иесі – «Айқын-Литер» ЖШС Директор – Талғат ЕШЕНҰЛЫ	Бас редактор – Амангелді ҚҰРМЕТ Гүлзина БЕКТАС – Бас редактордың бірінші орынбасары Ботагөз МАРАТҚЫЗЫ – Шығарушы редактор Елдар ҚАБА – Секретариат меңгерушісі	АЙМАҚТАҒЫ ТІЛШІЛЕР: Абзал АЛПЫСБАЙҰЛЫ – Ақмола облысы Алтынай БАУЫРЖАНҚЫЗЫ – Алматы қаласы Саятхан САТЫЛҒАН – Жамбыл облысы Әдебиет БЕЛГІБАЙҰЛЫ – Қарағанды облысы Назгүл НАЗАРБЕК – Шымкент қаласы Жанат ҚАЛЫРҒОЖИНА – Батыс Қазақстан облысы Ербақыт ЖАЛҒАСБАЙ – Қызылорда облысы Банн ЖАНЗАҚ – Атырау облысы	«АЙҚЫН» ГАЗЕТІНІҢ ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСІ: Кәсіпорындар, мекемелер үшін – 15102 Зейнеткерлер, соғыс ардагерлері үшін – 55102 Жеке жазылушылар үшін – 65102 ЖАРНАМА БӨЛІМІ: 8(707) 675-42-14, 8(7172) 72-95-31 rekлама.aikyn@gmail.com ЖАЗЫЛУ ЖӘНЕ ТАРАТУ БӨЛІМІ: 8(771) 804-61-32 podpiska.alt@gmail.com Газет аптасына 3 рет шығады	Газет «Айқынның» компьютер орталығында беттелді ТАРАЛЫМЫ: 40 000 Тапсырыс №4553 Астана қ. «Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС Сілеті көшесі 30, тел.: 8(7172) 99-77-77 Алматы қаласы, «Алматы-Болашақ»АҚ Мұқанов көшесі, 223 Б Шымкент қ. «ERNUR-print» ЖШС, Әлімқұлов көшесі 22, тел.: 8(7252) 53-06-66, 54-07-47 ішкі 114,
--	--	--	---	---